



ҒЫЛЫМЫ МЫҚТЫ МЕМЛЕКЕТ ТЕ ҚУАТТЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысы өтті.

Президент, ең алдымен, жиынға қатысушыларды Ғылым күнімен құттықтап, бұл мереке ғұлама ғалым, заңғар тұлға Қаныш Сәтбаевтың туған күнімен тұспа-тұс келіп отырғанын айтты.

— Дәл бүгін академик Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толды. Біз ұлы Абайды қазақ руханиятының темірқазығы, Ахмет Байтұрсынұлын Ұлт ұстазы дейміз. Ал

Қаныш Сәтбаевты қазіргі қазақ ғылымының атасы деуге болады. Өздеріңіз білесіздер, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев — халқымыздың біртуар перзенті. Еліміз әлі күнге дейін оның ғылыми жаңалықтарының игілігін көріп отыр. Әйгілі ғалымның мерейтойын жоғары деңгейде атап өту маңызды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

ЖАҒДАЙДЫ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА ҰСТАУ ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Су тасқынына қарсы іс-шараларды үйлестіру және су тасқыны салдарын жою жөніндегі республикалық штабтың отырысын өткізді.



Президент қазіргі уақытта ахуал әлі де өте күрделі екенін атап өтті. Бес аймақта, яғни Атырау, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарында су тасқынының екінші толқыны болуы мүмкін. Қалған алты облыста, атап айтқанда, Қостанай, Қарағанды, Ақтөбе, Абай,

Павлодар, Ұлытауда жағдай тұрақтала бастаған. Мемлекет басшысы адамдарды дер кезінде қауіпсіз жерге көшіру және қарғын судан зардап шеккен азаматтарға қажетті көмек беру қазіргі басты міндет екеніне назар аударды.

(Жалғасы 2-бетте)



СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонмен телефон арқылы сөйлесті.

Тәжікстан Президенті еліміздің бірқатар өңірінде болған су тасқынына байланысты қолдау білдіріп, қажетті көмек көрсетуге дайын екенін мәлімдеді.

Өз кезегінде Мемлекет басшысы тілеулістік танытқаны үшін Тәжікстан Президентіне алғыс айтып, қазіргі таңда су тасқынымен күрес жұмыстары толықтай бақылауда екенін, Үкімет апат салдарын жою үшін барлық қажетті шараны қабылдап жатқанын айтты.

Тараптар Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы стратегиялық серіктестіктің қазіргі жай-күйі мен оны одан әрі нығайту перспективасын талқылады. Екі елдің үкіметтеріне саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салаларда кол жеткізілген уағдаластықтарды сапалы жүзеге асыру тапсырылды.

ҚАЗАҚ-ГРУЗИН ҚАТЫНАСЫ НЫҒАЙЫП КЕЛЕДІ

Мемлекет басшысы Грузия Парламентінің төрағасы Шалва Папуашвилиді қабылдады.



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мейманға ілтипат білдіре отырып, Қазақстан Оңтүстік Кавказ өңіріндегі негізгі серіктестерінің бірі — Грузиямен жан-жақты қарым-қатынасты нығайтуға айрықша мән беретінін атап өтті. Мемлекет бас-

шысы Қазақстан мен Грузия арасындағы достық пен өзара түсіністік екіжақты байланыстарды тереңдету ісінде елеулі табысқа кол жеткізу үшін берік негіз болатынын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев парламентаралық диалогтың

мемлекетаралық қатынастарды нығайтуда маңызды рөл атқаратынына тоқталды. Бұл ретте «Қазақстан-Грузия» парламентаралық достық тобы ынтымақтастықтың көкжиегін кеңейтуге айтарлықтай ықпал ете алатынын атап өтті.

Мемлекет басшысының айтуынша, бүгінде қазақстандық бизнес Грузия экономикасының түрлі секторында қызмет етеді және екі елдің сауда-экономикалық қатынастарын одан әрі кеңейтуге үлес қосып келеді.

Кездесуде екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуға баса назар аударылды. Қасым-Жомарт Тоқаев орайлы сәтті пайдалана отырып, футболдан ұлттық құрамасы Еуропа чемпионатының ақтық кезеңіне шыққан достас Грузия халқын құттықтап, сәттілік тіледі.

МАҚСАТ – АЗАМАТТАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ



Елдің солтүстік және батыс өңірлеріндегі елді мекендерге тасқын судың келуі толастамай тұр. Сондықтан Мәжіліс депутаттары жағдайды бақылау үшін аймақтарда жүр. Олар апатқа қарсы жұмыстарды ұйымдастыруға көмектесіп, зардап шеккен тұрғындарға мемлекеттік қолдау шараларын түсіндіріп жатыр.

» 4

МОНОҚАЛАЛАРДЫ ДАМУ МАНДЫМАЙ ТҰР



7
БЕТ

GOOGLE-дан САЛЫҚ САУҒАН ЕЛ



12
БЕТ



ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУ МАҢЫЗДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаев Қазақстанға алғаш рет ресми сапармен келген Грузия Парламентінің төрағасы Шалва Папуашвилимен кездесті. Онда тараптар парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайту және тағы басқа өзекті мәселелерді талқылады.

Палата Төрағасы Грузиядан келген әріптесіне ілтипат білдіріп, бұл сапар парламентаралық өзара іс-қимылды және мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге тың серпін беретінін айтты.

«Грузия – Қазақстанның Оңтүстік Кавказ өңіріндегі маңызды серіктесі. Сіздің сапарыңыз біздің парламентаралық өзара іс-қимылымызды, сондай-ақ елдеріміз арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға тың серпін береді деп сенемін. Соңғы жылдарда сауда-экономикалық саласында белгілі бір нәтижеге қол жеткіздік. Бұл біздің

екіжақты қарым-қатынастарымыздың драйвері екені анық. Біз түрлі бағыттағы ынтымақтастықты нығайту жолындағы міндеттерді іске асыруға Парламенттер тарапынан да ықпал ете аламыз», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар кездесуде туристік, көліктік-логистикалық және басқа да салалардағы ынтымақтастық арттыру мәселелері талқыланды.

Сенат Спикері Мемлекет басшысының бастамасымен Қазақстанда іске асырылып жатқан кешенді әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларға, сондай-ақ Сенаттың заң шығару қызметіне де тоқталды. Атап айтқанда, жаңа экономикалық үлгі қалыптастыруға және елдің инвестициялық ахуалын жақсартуға арналған шаралар туралы сөз болды.

Өз кезегінде Шалва Папуашвили көпжақты қатынастарды дамытуға мүдделі екенін білдіріп, Қазақстандағы саяси трансформацияның тиімділігін тілге тиек етті.

ГРУЗИЯ ПАРЛАМЕНТІНІҢ СПИКЕРІ МӘЖІЛІСКЕ КЕЛДІ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов Қазақстанға ресми сапармен келген Грузия Парламентінің төрағасы Шалва Папуашвилимен кездесті.

Бұл – Шалва Папуашвилидің Астанаға алғашқы ресми сапары. Грузия Парламенті делегациясын қарсы алған Ерлан Қошанов қазақ және грузин халықтарын тығыз тарихи қарым-қатынас пен мәдени дәстүрлер байланыстыратынын атап өтті. Екі ел арасында дипломатиялық қатынас орнағалы тиімді саяси диалог жолға қойылды.

– Қазақстан Грузиямен жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға үлкен мән береді. Бүгінгі кездесу парламентаралық әріптестікті одан әрі дамыту мәселелерін кеңінен талқылауға мүмкіндік береді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде ауқымды саяси және экономикалық реформалар жүзеге асырылып жатыр. Сапар барысында осы өзгерістермен кеңірек танысасыз деп ойлаймын. Олар биліктің барлық тармағының жұмысын толығымен қайта жандандырды және қоғамның саясатқа араласуын арттырды, – деді Мәжіліс Спикері.

Кездесу кезінде Ерлан Қошанов конституциялық реформа, Президент пен Парламент сайлауларының қорытындылары және Конституциялық Соттың қызметі туралы ақпарат берді. Сонымен қатар жаңарған Мәжілістің заңнамалық қызметімен таныстырды.

Өз кезегінде Грузия Парламентінің төрағасы Қазақстан тарапына қонақжайлығы үшін алғысын білдіріп, бұл ресми сапар парламентаралық қатынастың дамуына тың серпін беретініне сенім білдірді.

– Әрине, парламенттерде атқарушы биліктің тетіктері жоқ, бірақ олардың қолында екі маңызды құрал бар. Біріншісі – елдің даму саясатын айқындау, екіншісі – осы саясатты іске асыру үшін құқықтық база құру. Үкіметтеріміз екіжақты ынтымақтастықты табысты дамыту үшін біз – депутаттар көп нәрсе жасай аламыз, – деді Шалва Папуашвили.

Грузия делегациясының басшысы Қазақстан өңірлеріндегі су тасқынын тез арада енсеруге тілектестік білдірді.

Тараптар гендерлік теңдік, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау, бюджет және салық заңнамасын реформалау, сәулет-құрылыс қызметі сияқты мәселелер бойынша екі ел парламенттерінің күн тәртібінің ұқсас екенін атап өтті. Спикерлер осы бағыттарда тиісті комитеттердің депутаттары арасында тәжірибе алмасуға келісті.

– Әріптес ретінде Сіз заңнаманы жаңарту уақыт талабы екенін жақсы түсінесіз. Ал депутаттардың міндеті – түрлі салада болып жатқан өзгерістерге дер кезінде заңнамалық тұрғыда назар аудару, – деді Мәжіліс Спикері.

Тараптар Қазақстан мен Грузия арасындағы экономика, агроөнеркәсіп, көлік-транзит, туризм және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты кеңейту перспективаларын талқылады. Сонымен қатар Ерлан Қошанов грузиялық серіктестерді ынтымақтастықты нығайтудың бір мүмкіндігі ретінде «Астана» халықаралық қаржы орталығының жұмысымен мұқият танысуға шақырды және Қазақстандағы грузин инвестицияларының құқықтық тұрғыда қорғалатынына сендірді.

«МАСС-МЕДИА ТУРАЛЫ» ЗАҢ ЖОБАСЫН ҚАРАЙДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Депутаттардың талқылауына Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекске енгізілген түзетулерді бірінші оқылымда қарау ұсынылады. Заң жобасында қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде әкімшілік жаза енгізу, оны орындау тетігін және жазаның осы түрін қолдану құрамын айқындау көзделеді, сондай-ақ әкімшілік құқықбұзушылық туралы істерді жүргізу кезінде күштеп әкелу мәселелерін заңнамалық регламенттеу қарастырылады.

Алдағы жалпы отырыста депутаттар Мемлекеттік наградалар туралы заң жобасына енгізілетін түзетулерді қарайды. Олар «Айбын» орденінің дәрежелеріне Сағдат Нұрмағамбетов, Бауыржан Момышұлы

және Рахымжан Қошқарбаевтың есімдерін беруді көздейді. Бұл құжат Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында берген тапсырмасын орындау үшін Парламент депутаттарының бастамасымен әзірленді.

Сонымен қатар екінші оқылымда депутаттар «Масс-медиа туралы» және «Ғылым және технологиялық саясат туралы» үкіметтік заң жобаларын ілесіп түзетулерімен қарайды. Сондай-ақ Салық кодексіне ғылым мәселелері жөніндегі өзгерістер енгізіледі.

Мәжіліс Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекске масс-медиа мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы және Ресеймен біртұтас энергетикалық жүйелерінің қатар жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобасын жұмысқа алады.



МАҚСАТ – АЗАМАТТАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

Елдің солтүстік және батыс өңірлеріндегі елді мекендерге тасқын судың келуі толастамай тұр. Сондықтан Мәжіліс депутаттары жағдайды бақылау үшін аймақтарда жүр. Олар апатқа қарсы жұмыстарды ұйымдастыруға көмектесіп, зардап шеккен тұрғындарға мемлекеттік қолдау шараларын түсіндіріп жатыр.



Қостанай облысында жүрген депутат Екатерина Смышляева жергілікті ведомство өкілдерімен және су тасқынынан зардап шеккен Алтынсарин мен Мичурино ауылдарының тұрғындарымен кездесті. Алтынсаринда 141 үйді, Мичуринода 34 үйді су шайып кеткен.

– Қазір ең бастысы – азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және материалдық шығынды барынша азайту. Комиссия мүшелері үйлердің жағдайын бағалау үшін аудан әкімдігімен бірлесіп жұмыс істейміз. Ахуал толық тұрақталғанша біз осында болып, бақылауда ұстаймыз, – деді Екатерина Смышляева.

Сондай-ақ депутат зардап шеккен тұрғындарға көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары, қаржылай көмек алу, өтемақы төлеу процедуралары және басқа да жайттар туралы түсіндірді. Жиында гуманитарлық көмек, соның ішінде азық-түлік, киім-кешек пен қажетті заттар таратылды.

Мәжіліс депутаттары Қазыбек Әлішев, Аманжол Әлтай және Аскар Садықов Ақтөбе облысында жұмысын жалғастырып, су тасқынынан ең көп зардап шеккен Ойыл ауданының тұрғындарымен кездесті. Қазір Ойыл ауылына баратын жолдың су шайған бөлігі жөнделіп, көліктер өте бастады. Депутаттар жергілікті атқарушы органдарға көпірді қалпына келтіруді жеделдету керегіне назар аударды.

Өз кезегінде, халық баспана жайына алаңдаулы. Қазір үйі суға кеткен тұрғындарға уақытша қоныстану үшін әскери палатка тігіліп, ағаш үйлер тұрғызуға аудандық бюджеттен қаржы бөлінген.

Депутаттар Айна Мысырәлімова, Гауһар Танашева және Дәулет Мұқаев Ақмола облысының бірнеше ауданында болды. Атбасар қаласында Жабай өзенінің деңгейі артып, 4,5 метрді құрап отыр. Қосымша бөгеттер салу және нығайту жұмыстары жүргізілуде. Оған әкімдіктердің, Ақмола және Жамбыл облыстарының Төтенше жағдайлар департаментінің күштері, курсанттар, әскери қызметшілер мен еріктілер жұмылдырылды. 123 адам қауіпсіз жерге көшірілді.

Есіл және Қызылсу өзендеріндегі су деңгейінің көтерілуінен Есіл ауданындағы елді мекендерді су басу қаупі туындап отыр. Осыған байланысты соңғы тәулікте құтқарушылар Ленинское, Игілік және Свободное ауылдарынан 461 адамды қауіпсіз жерге көшірді. Қазір су тасқынына қарсы іс-шаралар жалғасуда.

Сондай-ақ депутаттар Еркебұлан Мәмбетов, Дмитрий Колода және Бақытжан Базарбек Солтүстік Қазақстан облысының орталығы – Петропавл қаласының апатқа төтеп беру дайындығымен танысты. Онда осы аптада су тасқынының шарықтау шегі болуы мүмкін. Су қалаға Сергеев бөгенінен келе жатыр. Жол бойындағы елді мекендерден, соның ішінде Покровка мен Новоникольское ауылдарынан өтті.

– Басты міндет – қауіпсіздік. Тұрғындар мен ауылдық округ әкімдерінің бұған жеткілікті мән бермегенін байқап отырмыз. Су деңгейі өте үлкен. Тұрғындарда мүлік шығындарын өтеуге қатысты күмән бар. Сондықтан біз осында жүрміз. Су тасқынынан зардап шеккен тұрғындардың барлығына төлем берілетінін түсіндіріп жатырмыз, – деді Еркебұлан Мәмбетов.

Қазір Подгора шағынауданындағы бөгетті нығайту жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Заречный ауылында полиция мен төтенше жағдайлар қызметі тұрғындарды су басқан аймақтан эвакуациялауда, бірақ 47 адам үйінен кетуден бас тартты. Депутаттар оларға жағдайды түсіндірді. Дән осы күні Петропавл су торабының жағдайымен танысып, Кожевенный кентіндегі бөгетті де аралады.

Депутат Азат Перуашев та қазір осы облыста жүр. Бүгін ол Есіл өзенінің шығыс жағалауын қарап шықты. Мұнда алдағы бірнеше сағатта су деңгейі көтеріледі деп болжанып отыр. Мәжілісмен сондай-ақ Тепличное ауылының тұрғындарымен кездесіп, құтқару жұмыстарына қажет резенке қайықтар мен арнайы киімдер табыстады. Алда су тасқыны аймағында орналасқан басқа да елді мекендер де қамтылады.



3 МЫҢ ВОЛОНТЕР ЖҰМЫЛА ЖҰМЫС ІСТЕУДЕ

Еліміздің бірнеше облысын су басып, бір-қатар өңірде төтенше жағдай жарияланды. Ондай аймақтарда құтқарушылар, жергілікті тұрғындар жұдырықтай жұмылып, ортақ іске атсалысуда. Олардың қатарында «Жастар Рухы» жастар қанатының 3 000-нан астам волонтері де бар.

«Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Акерке Искандерованың айтуынша, су тасқыны басталғалы бері құтқарушылармен қатар көмек көрсетіп, алдыңғы қатарда жүрген жастар саны артуда.

«Жергілікті органдар мен волонтерлер өзара тығыз жұмыс істеп жатыр. Апаттан зардап шеккен тұрғындарға қажет заттарды жедел жеткізу керек. «Жастар Рухы» жанынан еліміздің барлық өңірінде жедел әрекет ететін Республикалық волонтер штабы құрылды. Судан зардап шеккен тұрғындар немесе волонтерлер қатарына қосыла алады. Еліміздегі барлық республикалық волонтерлік бірлестіктер жұмыла жұмыс істеуде. Олардың жұмысын «Жастар Рухы» жастар қанаты үйлестіріп отыр. Мәселен, жуырда Атырау облысына жеткен 30 тонна гуманитарлық көмекті «Жастар Рухы» мен Қазақстан студенттері Альянсы волонтерлері қабылдап алып, пункттерге жеткізді. Сондай-ақ Dauletten қайырымдылық қорымен бірге Солтүстік Қазақстан облысына керекті заттарды жөнелтпекпіз», – деді Акерке Искандерова.

Су тасқыны басталғалы бері волонтерлердің бірлескен күш-жігері табиғи апат салдарын азайтуға, зардап шеккен азаматтарға жан-жақты көмек көрсетуге бағытталған. Атап айтсақ, халықты қауіпсіз орындарға көшіру, су бөгеу, өзен деңгейінің көтерілуіне жол бермеу үшін қапшықтарды құммен толтыру, гуманитарлық көмек жинап, оны үлестіру, құтқарушыларды ыстық тамақпен, шаймен қамтамасыз ету, су астында қалу қаупі бар үй-

лердің маңын қардан тазарту жұмыстары атқарылып жатыр.

Сондай-ақ Biz Birgemiz қоғамдық қорының қолдауымен азық-түлікпен қатар электр жарығынсыз отырған ауылдарға генераторлар да жеткізілді. Осы тұста айта кететін жайт, гуманитарлық көмекті тез әрі дереу жеткізу үшін Төтенше жағдайлар министрлігі тікұшақпен қамтамасыз етті. Әуежолы арқылы көмек Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау облыстарына жетті.

Өкінішке қарай, су тасқыны басталған сәтте Абай облысында адамдар жоғалды.

мен «Жастар Рухының» волонтерлері Атырау маңындағы 7 учаскеде бөгет салуда. Аталған бөгеттердің жалпы ұзындығы 21,2 шақырымды құрайды. Оған 120 бірлік техника мен 1 100-ге жуық адам жұмылдырылды. Бүгінде құм толтырылған 40 мың кап төселді.

Сондай-ақ еліміздегі ірі волонтерлік бірлестіктермен Республикалық волонтерлер штабы құрылды. Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин жастар ұйымдарымен кездесіп, су тасқынымен күрес жұмысының алдағы міндеттерін айқындады. Штабка «Жастар Рухы» ЖК,



Оларды іздестіру жұмысына да еріктілер атсалысты. Сондай-ақ «Жастар Рухының» 100 волонтері Қостанай қаласы әкімінің шақыруын қабылдап, жағалауды құм салынған қаптармен нығайтуға көмектесті. Осыған ұқсас жұмыс өзге өңірлерде де ұйымдастырылды.

Ал атыраулық волонтер Жалғас Халелов өңірдегі су басу қаупі бар аумақтарда тұрғындармен иық тіресе жұмыс істеп, жағаға бөгет қою ісіне көмек көрсетті.

«Өзен тасиды дегеннен бері қала маңындағы ықшамаудандарда қаптарға құм толтырып, бөгет салып жатырмыз. Волонтер қатарында жасөспірімдер, егде жастағы тұрғындар, түрлі сала қызметкері бар. Уақытпен санаспай апаттың алдын алуға барынша күш салудамыз», – дейді Жалғас Халелов.

Атап айтқанда, «AMANAT» партиясының белсенділері

ASAR-UME қайырымдылық қоры, Dauletten қайырымдылық қоры, Қазақстан халқы Ассамблеясы, Ауыл жастары, Жастар қанаты, Қазақстан жастарының конгресі, Қазақстан студенттер Альянсы, Ұлттық волонтерлік желі және Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы жанындағы «Келешек» жастар кеңесі және тағы басқа ұйымдар кірді. Волонтерлік ұйымдардың жұмысын «Жастар Рухы» жастар қанаты үйлестіреді.

«Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындарын эвакуациялау жұмысы басталғаннан кейін қажетті заттар тізімін дайындап, волонтерлермен жолға шықтық. Су басқан ауылдардағы азаматтарға қоғамдық қор және жастар қанатымен бірге гуманитарлық көмек жеткіздік. Дәл осындай жұмыстар өзге өңірлерде де қарқынды жүреді», – деді штаб қатарына қосылған Dauletten қайырымдылық қорының директоры Жасұлан Қуандық.

ҚОҒАМДА БАСПАСӨЗДІҢ РӨЛІ ЗОР



Парламент Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртөре Жүсіп өңірдегі мерзімді баспалымдардың республикалық форумының 2-ші отырысына қатысты.

Нұртөре Жүсіп өз сөзінде газеттер мен журналдардың рөлі туралы айта келіп, қазіргі қоғам үшін сапалы және уақтылы ақпарат басты құндылықтың бірі екенін атап өтті. Оның әзірленуі мен таралуы бұқаралық ақпарат құралдарының міндеті болып

табылады. Мерзімді баспасөз — олардың ішіндегі ең көнесінің бірі.

«Қоғам өмірінде газет-журналдың рөлі орасан зор. Журналдар, газеттер, ғылыми-көпшілік және көркем әдебиет ғылым мен мәдениеттің барлық жетістіктерін сақтау және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің негізгі құралы болып табылады. Журнал мен газет барлық жастағы адамға білімнің қайнар көзі ретінде қызмет етеді, өмірді білуге және бағалауға, қоғамдық қатынастар мен табиғат құбылысының заңдылығын түсінуге көмектеседі. Адамның әлеу-

меттік және адамгершілік мұраттарын қалыптастыру, оның қоғамдық мінез-құлық ғадеттерін үйренуде баспасөздің рөлі ерекше», — деді Нұртөре Жүсіп.

Шараға қатысушылар журналистика, редакциялық іс саласында сапалы кадрлар даярлау мәселелерін талқылады, сондай-ақ баспалымдық БАҚ-ты дамыту туралы ұсыныстар айтылды. Сенатор сонымен қатар Парламент Сенатының қызметі туралы, атап айтқанда, ақпарат және баспасөз саласында жүзеге асып жатқан шаралар мен қабылданып жатқан заңдар туралы айтып берді.

ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ КҮШЕЙЕ ТҮСТІ



Сенатор Сағындық Лұқпанов Атырау облысындағы Махамбет ауданында екінші толқынмен келуі ықтимал тасқын суға дайындық барысымен танысты. Депутат сапар барысында аудан орталығындағы бөгет салу аймағында болып, әскери қызметшілермен және еріктілермен әңгімелесті. Сенатор көрсеткен көмегі үшін оларға алғысын білдірді.

«Қазір ауданның барлық ауылында тасқын су зардабын болдырмау үшін дайындық жұмыстары күшейе түсті. Бөгет құрылысы қарқынды жүріп жа-

тыр. Алайда жергілікті атқарушы органдар проблема тереңдемес үшін бұл мәселеге көбірек назар аударуға тиіс», — деді сенатор Лұқпанов.

Тасқын суға қарсы іс-қимыл Қарағанды облысында да жалғасын тапты. Депутат Серік Өтешев табиғи апатқа тап болған бірқатар ауданды аралады. Су тасқыны салдарынан зардап шеккен үйлердің тұрғындарына көмек көрсету, аумақтарды абаттандыру, жарықтандыру, жолдарды жөндеу және газ жеткізу мәселелері халықпен кездесулерде талқылаудың басты тақырыбы болды.

«Қарағанды облысында ауқымды су басу қаупі зор болды.

Су одан әрі кеткендіктен айтарлықтай тасқын су болған жоқ. Судың келуінен зардап шеккен тұрғындар қажетті барлық заттармен қамтамасыз етілуге тиіс. Мемлекет басшысы жақында сөйлеген сөзінде зардап шеккен барлық азаматқа көмек көрсетілетінін атап өтті. Бұған Үкіметте, депутаттар да жәрдемдестіні болады», — деді сенатор Өтешев.

Сенат депутаты Жанболат Жөргенбаев Алматы облысындағы Іле ауданында салынған су қоймасы бөгетін қалпына келтіру барысымен танысты. Бөгет бұзылған кезде тиісті шаралар қабылданғаны атап өтілді. Дегенмен бұл мәселе қайтадан туындауы ықтимал. Өйткені су бөгеті құрылысы 1910 жылы салынған және қазір қайта жаңғыртуды қажет етеді. Осы мәселені шешудің тетіктері, сондай-ақ елді мекендердегі су бұруды мұқият зерделеу және жүйелеуге байланысты мәселелер талқыланды.

«Қазір республикалық деңгейде шұғыл назар аударуды талап ететін бірқатар маңызды мәселе бар. Сенаторлар өңірлерде болған кезде төтенше жағдайдың зардабымен күресте барынша көмек көрсетеді. Сенаторлар өз кезегінде болашақта мұндай төтенше жағдайдың алдын алу үшін заңнамалық деңгейде атсалысуға дайын», — деді сенатор.

ДЕПУТАТТАР ӨҢІРЛЕРДЕ ЖҮР

Мәжіліс депутаттары су тасқынынан зардап шеккен аймақтардағы жұмысын жалғастыруда. Кейбір елді мекендерде су тартылып жатса, кейбірінде тағы да тасқын су келе жатыр. Халықпен кездесуде депутаттар табиғи апаттан келген шығынның қалай қалпына келтірілетінін түсіндіріп, алдағы су тасқынына дайындыққа көмектесіп жатыр.



Мәжіліс депутаттары Еділ Жаңбыршин, Абзал Құспан, Ринат Зайтов, Мақсат Толықбай, Нартай Сәрсенғалиев Атырау облысына барып, бөгет соғылып жатқан аймақтарды аралады. Алдымен Соколок каналы аумағындағы тасқын судың алдын алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстармен танысты. Бұл учаскеге Атырау қаласындағы Жұлдыз ықшам-ауданы және Ақсай, Ақжар, Талқайран, Бесікті ауылдарының манайлары кіреді.

Мұнда ұзындығы 15 шақырымды құрайтын дамба салынып жатыр. Бүгінде оның 8 шақырымы аяқталған.

Кездесу барысында депутаттар су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарға көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары туралы айтты. Мемлекет тарапынан жасалатын материалдық көмек, өтемақы және басқа да қолдау түрлерін алу тәртібі жан-жақты түсіндірілді.

«Көріп келе жатырмыз техникалар, тұрғындар жұмысқа білек сыбана кіріскен. Сондықтан су келмей тұрып Жайықтың

өзекті мәселе. Судың келе жатқанын көріп отырмыз. Осыны көре отырып қам жасамайтын болсақ, онда ертен тілсіз жау деп табиғатқа жабудың қажеті жоқ. Сондықтан қазір жұдырықтай жұмылатын кез», — деді Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Нартай Аралбайұлы.

Депутат Вера Ким Павлодар облысындағы жұмысын жалғастыруда. Ол Атамекен және Кенжекөл ауылындағы бөгеттердің, бекіністер мен жағалаулардың техникалық жағдайымен танысты.

Мұнда су тасқынының бірінші кезеңі апатсыз өтті. Ертіс өзенінің бойында орналасқан Жоғары Ертіс су қоймаларынан Шығыс Қазақстан облысына судың екінші толқыны келуі мүмкін. Тасқынның алдын алу үшін жағалауларды нығайтуға топырақ әкелініп жатыр. Атамекенге 2 мың тонна, Кенжекөлге 6,5 мың тонна құм жеткізілді.

Тасқын Ақсу қаласына да қауіп төндіріп отыр. Қаланың оңтүстік-шығыс жағына жер



жағасын бекітіп алуға әлі де мүмкіндік бар деп ойлаймын. Осы уақытқа дейін кеудемізден келетін суды кешіп жүргенде қаншама нәрсе көрдік. Алда өтемақы төлеу, баспаналар мен мал-жанды қалыпқа келтіру секілді мәселелер күтіп тұр. Төтенше жағдайға қарсы жұмыс істейтін бір ізді алгоритм жоқ екенін көріп отырмыз. Біз тәуелсіздік алғалы бері барлық апаттың салдарымен күресіп келеміз. Себебімен күрескен жағдайды мен әлі кездестірмеймін. Атырауға әлі су келе қойған жоқ. Сондықтан іргелерді бекітуді пысықтау керек. Бұл

үсті бөгеттері тұрғызылды. Сондай-ақ Ертіс өзенінің жағалауында ұзындығы 1 020 метр, биіктігі 4,5 метр қорғаныс құрылысы салынып, 3 мың тоннадан астам топырақ жұмсалды.

Сарапшылармен және ведомстволық құрылымдардың өкілдерімен әңгімелесу барысында Вера Ким ескерту жүйелерін тексеру, эвакуациялау орындарын анықтау және жағдайды үнемі бақылауда ұстау қажетіне назар аударды. Қазір құтқарушылар елді мекендерде тәулік бойы кезекшілік етіп, мамандар бекіністерді тексеріп жатыр.

1 наурыздағы дерек бойынша, биыл елімізде Telegram онлайн-платформасында есірткі сататын 24 интернет дүкен және жалпы аудиториясы 50 мыңнан асатын 12 жарнамалық бот жойылған. Бұл есірткімен күрестің алғашқы сатысы ғана.



Бердібек ҚАБАЙ

Мұны мемлекет есірткімен күрес жүргізу туралы арнайы бағдарлама қабылдағаннан кейінгі тағы бір ілкімді шаруа деп атауға болады. Енді Премьер-Министрдің орынбасары Т.Дүйсенованың үйлестіруімен Ішкі істер министрлігінде жұмыс тобы құрылды, оның аясында нашакорлықтың алдын алу және есірткіге байланысты қылмысқа қарсы екі іс-қимыл, оның ішінде әлеуметтік және басқа интернет-ресурстар арқылы есірткінің таралу жолын кесу бойынша қосымша шаралар кешені әзірлену үстінде.



Бұл — аса қауіпті әрі ауқымды әлеуметтік кесел. Синтетикалық есірткіні өндіруге және таратуға қарсы күрес жалпыұлттық деңгейде жүргізілуге тиіс.



Шынымен де, ғаламтор арқылы сан алуан құйтырқы әрекетке баратын есірткі саудасын құрықтап оған тосқауыл болу бір министрлік емес, барша елдің бірігіп, жұмыла жүргізетін әрекеті болуы керек деген ой келеді. БҰҰ мәліметінше, әлемде 275 млн нашакор бар. Әрине, бұл нақты сан емес. Дегенмен бұл санның артып кетпесе, кемімейтіні өкінішті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев маңызды отырыстардың барлығында дерлік есірткінің ұлт саулығына үлкен зиян әкеліп отырғанын айтып, сананы улаған осы бір кеселмен барынша күресу керектігі туралы тиісті тапсырмалар да беріп келеді. Президент тапсырған соң Үкімет Қаулысымен Қазақстан Республикасының нашакор-

лыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілді.

Нәтижесінде, 2025 жылға қарай есірткі тұтынушылардың санын азайту, есірткіге тәуелділіктен ұзақмерзімді ремиссиясы бар көмелетке толмағандар санын 15%-дан 20%-ға дейін арттыру, сондай-ақ есірткі тұтынушыларды 26%-дан 30%-ға дейін медициналық-әлеуметтік оңалтумен қамту жоспарланған.

Бұдан бөлек, жаңа синтетикалық препараттарды, сондай-ақ азаматтарды медициналық куәландыру аясында алынатын қан үлгілері мен басқа да биоматериалдарды зерттеуді жеделдету үшін сот сараптама органдарының материалдық-техникалық базасы нығайтылмақ. Кешенді жоспарда көрсетілген өзге де шараларды жүзеге асыру үшін бюджет есебінен 53,1 млрд тенге бөлу қарастырылған. Қазір алғашқы қадамы жүзеге асырылу үстінде.

ЖАСТАРДЫ ҚҰРЫҚТАҒАН ЖАҢА ТҮР

Мамандардың айтуынша, есірткінің уақыт озған сайын жаңа түрі пайда болып жатқан көрінеді. Тіпті, дүниежүзінде мыңнан астам есірткі түрі ресми тіркелген екен. Қазақстанда шамамен соның 700-ге жуық түрі немесе аналогтары бар. Бүгінде бақылаудағы психикалық белсенді заттардың тізіміне 89 синтетикалық есірткі түрі енгізіліп отыр. Бұл кеселдің адам психологиясына санаулы секундта өте қатты әсер ететінін неврология ғылымы баяғыда-ақ дәлелдеп берген. Полиция есірткінің бұл түрімен күресудің қиындығын айтып отыр. Ал сарапшылар әлем бойынша аптасына синтетикалық есірткінің 10 жаңа түрі шығарылатынын алға тартады.

Біздің елде 2015 жылдан бастап «синтетикалық есірткінің» жаппай таралуы байқалған көрінеді. 2019 жылы Қазақстанда шамамен 11 келі синтетика тәркіленсе, 2020 жылы 100 келі болған. 2021 жылы 160 келі есірткі тәркіленсе, өткен 2023 жылы құқық қорғау органдары 168 келі 494 грамм мефедрон мен альфа-РvP тәркілеген. ПИМ деректеріне сәйкес, бүгінде Қазақстанда ең көп таралған есірткі түрі — «синтетика» екен.

Алғашында Қазақстанға темекі қоспалары бар «спайс» деген түрі келген. Уақыт өте түтіні жоқ темекі деген түр — «сноус» құпия саудаланған. Кейіннен есірткі әлемін «кристалл», «жылдамдық», «ваннаға арналған тұз» деген түрлі атау жамылған синтетикалық заттар тез жаулап алды. Ең сорақысы, бұл дерттің тырнағына ең бірінші болып жаны жаналыққа құмар жастар ілігіп жатыр.

«Синтетиканың» тартқызар зардабы өте ауыр. «Не иісі, не дәмі біліне бермейтін синтетикалық заттар ақылдан айырып, ағзаны тіпті ірігіп жібереді», — дейді онколог дәрігерлер. Адамға 2-3 жылда өлім құштыруы мүмкін мұндай қауіпті түрге еліктеген жастарды құтқару өте ұзаққа созылады екен.

Денсаулық сақтау министрлігінің ақпаратына сәйкес, 2024 жылдың

туынша, күдікті синтетикалық есірткі тасымалдаумен айналысқан.

«Күдікті біздің көзімізге біраз уақыт бұрын түскен болатын. Ол синтетикалық есірткіні белсенді қолданушы ғана емес, оның тұрақты таратушысы екені де алдын ала анықталған. Мақсатты жедел және арнайы шаралар сотталушының қылмыстық әрекетінің басқа бағытын анықтауға мүмкіндік берді. Ол «синтетиканы» өндіруші болып шықты. Ер адам Алматы облысы Қарасай ауданы Іргелі ауылындағы үйлердің бірінде өндіріс ұйымдастырған. Бір сөзбен айтқанда, әмбебап есірткі сатушыны әшкереледік», — дейді ол.

ҰЛТ БОЛАШАҒЫНА ТӨНГЕН ҚАУІП

«Синтетикалық есірткі тұтынатындардың көбеюі ұлт саулығына зор қауіп төндіруде. Қазіргі ахуал өте күрделі, сонғы үш жылда тәркіленген «синтетиканың» көлемі 10 есе артқан. Ең өкініштісі, уақыт өткен сайын мұндай есірткі арзан әрі қолжетімді бола бастаған. Нашакорлар оны әлеуметтік желі мен түрлі мессенджер арқылы емін-еркін сатып алып жатқан көрінеді. Есірткіні, тіпті үйге әкеп беретіндер де бар екен. Бұл — аса қауіпті әрі ауқымды әлеуметтік кесел. Синтетикалық есірткіні өндіруге және таратуға қарсы күрес жалпыұлттық деңгейде жүргізілуге тиіс», — деген еді Мемлекет басшысы өз Жолдауында.

ҚР ПИМ мәліметінше, синтетикалық есірткіні тарату бойынша Ақмола, Павлодар, Алматы Қарағанды өңірлерінде жиі тіркеледі екен.

«Бұл есірткі түрін әсіресе жастар мен жасөспірімдер көп қолданады. Себебі сатып алу да, қолдану тәсілі де аса бір жағдайды қажет етпейді. Кез келген жерде қолдануға ыңғайлы. Оны иіскеп те, тартып та, тіпті ішіп те қолдануға болады. Сондықтан жасөспірімдер әуестігі жоғары болмақ. Ал әсері өте жоғары. Бірден орталық ми жүйесінің қалпын бұзады», — дейді Психикалық денсаулық орталығы Наркологиялық қызмет бойынша Бас дәрігердің орынбасары Гаухар Бектаева.

Елімізде есірткіден оңалту бойынша 14 оңалту орталығы жұмыс істеуде. Мамандардың айтуынша, сонғы кездері орталыққа осы синтетикалық есірткіге құмарлар көп келе бастаған. Бірақ көмелетке толмағандар арасында қанша адам есірткі дәмін татқаны туралы мәлімет болмай тұр. Мамандардың айтуынша, мұндай дерек болған кезде алдын алу шараларының да нәтижелі болуы мүмкін екен.

«Алғаш пайдаланған кезден бастап тәуелді болып қалдым. Ата-анамды алдадым. Жақындарымды алдап ақша таптым. Киімдерім мен жеке заттарымды сатып сол дүниені алып отырдым. Қазір ойлап қатты өкінемін. Кейде киналамын. Сол кезде әлі де іздеп тұрғандай күй кешемін. Бірақ бұрынғыдай емес», — дейді оңалту орталығында ем қабылдап жүрген бойжеткен. Ең өкініштісі сол, бұл дертке қыздарымыздың да шырмалып қалып отырғаны.

БҰҰ мәліметтеріне сүйенер болсақ, сонғы 10 жылда есірткіге тәуелді адамдардың саны 22 пайызға өскен. Ал қазіргі уақытта әлемде шамамен 275 млн нашакор адам бар көрінеді. Оның 500 мыңнан астамы осы дертсалдарынан көз жұмады екен. Ал Қазақстандағы мәліметтерге тоқталсақ, ресми деректерге сәйкес, қазір бізде есірткіге тәуелді 110 мың адам есепте тұр. Денсаулық сақтау министрлігінің деректеріне зер салсақ 20 мыңға жуық нашакор ем алу үстінде екен. Оның 1,5 мыңнан астамы — әйел, ал 43-і буыны қатпаған жасөспірім екен. Түсіне білген жанға осы дерттің өзі ұлт денсаулығы мен ұлттық қауіпсіздікке төнетін қатердің зор екенін байқатады.



1 қаңтарында Қазақстанда психоактивті заттарды қолдану салдарынан психикалық мінез-құлық бұзылыстары диагнозымен 108 722 адам динамикалық бақылауға алынған. Оның ішінде 18 329 адам есірткіге тәуелділікпен тіркеуде тұр. Оның 91%-ы — ерлер (16 817), қалғаны — әйелдер (1 512). Сондай-ақ тәуелділердің ішінде 2 734 адам — (15%) 18 бен 29 жас аралығындағы жас болса, тіркеуде 66 бала мен жасөспірім бар екен.

Кейбір деректер бойынша, Қазақстанда бас бостандығынан айырылған азаматтардың 10 пайызы — есірткі қылмысы үшін жазасын өтеп отырғандар.

КУРЬЕР КІНӘСІ

Желілерде курьер, яғни жүк жеткізуші болып жұмыс істейтін жасөспірімдердің қолға түсіп қалып жатқандығын көзіміз шалып қалады. Әрине, ол есірткі тасымалдаушы ретінде заң алдында жауап беруі хақ. Бірақ ең өкініштісі, сол жастарды бұл жұмысқа жегіп отырғандардың кім екені көп жағдайда белгісіз болып қала береді. Мысалы, осыдан бір жылдай уақыт бұрын атыраулық оқушы есірткі тасымалдағаны үшін 7,5 жылға сотталып кеткен болатын. Оқушы Telegram желісіндегі хабарламаны көріп, табыс таппақшы болған.

Ал жуырда алматылық 27 жастағы ер адам басқарған осындай курьерлік топтың қолға түскені белгілі болды. Алматы қаласы бойынша есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасының басшысы Ерлан Әлмағамбетовтың ай-



Моноқалаларды

Бауыржан БАЗАР

Сонымен 7 қаланың тізімінен шығып қалуының әрқайсысына тән негізгі ерекшеліктері бар. Мәселен, Арқалық пен Серебрянскіде табиғи ресурстар сарқылуы себеп болса, Текелі мен Саранда экономиканы әртараптандыру көрсеткіші өскен. Бұрын 27 моноқаланың есебінде келген Жезқазғанның бағы жанып, Ұлытау облысының әкімшілік орталығына айналды. Ал аудандық маңызы бар Жанатас пен Қаратау қалалары 2023-2027 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамудың кешенді жоспарларын іске асыру есебінен қосымша дамытылатын болады.

Қалған 20 моноқаланы (Абай, Ақсай, Ақсу, Алтай, Балқаш, Жаңаөзен, Жітіқара, Екібастұз, Лисаковск, Қаражал, Кентау, Құлсары, Курчатов, Риддер, Рудный, Сәтбаев, Степногорск, Теміртау, Хромтау, Шахтинск) дамытудың перспективасына Үкімет жаңаша бағыт бермек. «Біз моноқалаларды дамытып, жастар үшін тартымды еткіміз келеді. Ол үшін табысты арттырып, жұмыс орнын көбейту қажет. Аталған міндет өндірістерді кеңейту, жана жобаларды іске қосу, бизнеске қолайлы жағдайлар жасау арқылы жүзеге асырылуға тиіс. Әкімдіктер жас мамандарға жағдай жасап, әлеуметтік пакеттер ұсынуы керек», — деп атап көрсетті О.Бектенов.

Экономика ғылымдарының кандидаты Бауыржан Ысқақовтың пікірінше, моноқалаларға жас мамандарды тартудың жолы — тағылымдама. «Мысалы, студенттерді тағлымдамадан өткізуде моноқалалармен байланыстыруға баса мән беруі керек. Мәселен, Түркістанның іргесінде Кентау тұр, Семейге Курчатов, Қарағандыға Абай, Саран қалалары жақын. Студенттерге өздерінің кәсіби біліктілігін көтеруде, ғылыммен айналысып, ғылымдағы тәжірибесін жүзеге астыратындай мүмкіндік, еркіндік берілсе деймін. Өз тәжірибесі арқылы өнім шығаратындай, авторлық жобасын қорғап, дамыта алатындай мүмкіндік жасалса. Ақша айналымы да сол жерлерде жасалар еді», — дейді сарапшы.

Үкімет отырысында арнайы баяндама жасаған Премьер-Министрдің орынбасары, Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров аталған моноқалаларда мұнай-газ, көмір, боксит, темір кендерін өндіру және тағы басқа

Қазақстанда моноқалалар саны азайды. Бұған дейінгі тізімде тұрған 27 қаланың жетеуі «моно» мәртебесінен айырылды. 2024 жылғы 2 сәуірде өткен Үкімет отырысында Премьер-Министр Олжас Бектенов моноқалаларды дамыту бойынша кешенді шаралар қабылдауды тапсырған болатын.



бағыттарда 23 қалақұраушы кәсіпорын жұмыс істеп тұрғанын мәлімдеді. 2023 жылдың қорытындысы бойынша олардағы өнеркәсіптік өндірістің көлемі 18,5 трлн теңгені құраған. Сондай-ақ шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 92,3 мыңнан 100,2 мың бірлікке дейін өсті. «Алтай, Балқаш, Жітіқара, Лисаков, Риддер, Степногорск қалаларын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілді. Барлығы 456,6 млрд теңгеге 326 іс-шара қарастырылған. Моноқалалар инфрақұрылымын дамытуға биыл 62,8 млрд теңге жоспарланды. Экономиканы әртараптандыру және экономиканың шикізаттық емес секторларында баламалы өндірістер құру шеңберінде 10 мыңға жуық жұмыс орнын аша отырып, жалпы құны 1,4 трлн теңге болатын 41 жоба іске асырылып отыр», — деді Н.Байбазаров.

Премьер-Министр моноқалалардағы инфрақұрылым объектілерінің тұрақты жұмысына ерекше

ДАМЫТУ мандымай тұр

назар аударып, халықты негізгі қызметтермен қамтамасыз етуді тапсырды. Бұл ретте жергілікті бюджеттің әлеуетін толық пайдалану қажет. Тізімдегі 20 қаланың инфрақұрылым жағдайы мез емес. Ресми деректе олардың су құбыры желілерінің тозуы — 55,8%-ға жеткен. Сонымен қатар кәріз желілері — 66,5%, жылу желілерінің тозуы — 54,4%-ды құрайды.

кетті. Мысалға, 1989 жылы Жаңатаста 53 мыңның үстінде халық болса, 2016 жылы 21 мың ғана қалған. Мұндай динамикалық көрсеткішті моноқалалардың кез келгенінен байқауға болады. Негізгі себеп жұмыссыздық, жалақының аздығы және оларда тұрмыс сапасы өте төмен.

Моноқалаларды дамытудың тиімді жолы — экономикаға инвестиция тарту. Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев биыл 100 млрд теңгеге 4 инвестициялық жобаны жүзеге асыру көзделіп отырғанын жеткізді. Бұл мыңға жуық тұрақты жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Бұған дейін жүргізілген геологиялық зерттеу нәтижесі бойынша моноқалалар маңында болжамды құны 1,1 трлн теңгені құрайтын ресурстар табылған. Биыл Абай, Курчатов, Балқаш және Алтай қалаларында 5 перспективалы учаскеде геологиялық барлау жұмыстарын аяқталмақ.

Моноқалалар әлеуетін инвестиция қаржысы арқылы көтеруді экономист Бауыржан Ысқақов та қуаттайды. Ол үшін жергілікті әкімдерге талап қойылуы керек дейді маман. «Ең бірінші кезекте, бизнес дамуы үшін ол жерге ғылымды қосуымыз керек. Мемлекет-бизнес-ғылым осы үш тағанды үйлестіре алсақ, қай саланы да дамытуға мүмкіндік ашылады. Қаржысы бар отандық немесе шетелдік кәсіпкерлер осы қалаларға келіп, кәсіп ашуына ыңғайлы орта жасау. Бюрократиялық кедергілерді жойып, салықтық жеңілдіктер жа-

Балқаш және Құлсары қалаларында осындай индустриялы аймақтар ашуды жоспарға алып отыр. Ұлттық экономика министрлігінің дерегіне, соңғы 5 жылда шағын орта бизнесті дамыту шеңберінде моноқалалардың кәсіпкерлеріне 30 млрд теңге көлемінде шағын несиелер берілген. Оған қоса 122,5 млрд теңгеге 1,4 мың жоба субсидияланып, 428 млн теңгеге 107 грант беріліпті. Кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну шеңберінде 2019-2023 жылдар аралығында «Бәйтерек» холдингі жалпы сомасы 260 млрд теңгеге 29 ірі жобаны қаржыландырған.

Моноқалалар мәселесі әлемнің бірқатар мемлекетіне ортақ. Олардың дамыту жолдары да әртүрлі. Ресейдегі Кешенді стратегиялық зерттеулер институтының дерегіне, елдегі моноқаланың саны — 318. Канадада екі жүздей осындай қала бар. Моноқалалар Қытай мен АҚШ-та да жетерлік. Батыста моноқалаларды company towns деп атайды. Германиядағы мұндай қалалар тоқырауды 1990 жылдары өткізіп, бүгінде нарыққа бейім, экономикасы мығымдары іріктеліп шыққан. Неміс қалаларындағы іргелі кәсіпорындар жергілікті бюджет түсімін толықтай қамтамасыз етеді. «Әлемде тиімді тәжірибелер өте көп. Солардың өзімізге ыңғайлы жағын үйреніп, енгізу керек. Мысалы, Курчатов қаласы кезінде полигонның орталығы болды, ол жерде экологиялық туризмді дамытуға болады. Сондай-ақ, сол моноқалаларда өндірілген өнімнің 50 пайызы сол жердің өзінде қалатындай мүмкіндік берілсе, халық та тұрақтап, жас мамандар да баратын еді. Яғни, моноқаланың жергілікті бюджеті болуы керек. Мұндағы мәселе табысты әділ бөлу», — дейді сарапшы Бауыржан Ысқақов.

Айта кетейік, елімізде моноқалаларды дамыту 2012 жылы қолға алынды. Сол жылы мамыр айында Үкімет «2012-2020 жылдарға арналған Моноқалаларды дамыту бағдарламасын» қабылдады. Ол кездегі көрсеткіш бойынша, 27



Түркістанның іргесінде Кентау, Семейге жақын Курчатов, Қарағандыға Абай, Саран қалалары жақын. Студенттерге өздерінің кәсіби біліктілігін көтеруде, ғылыммен айналысып, ғылымдағы тәжірибесін жүзеге астыратындай мүмкіндік, еркіндік берілсе деймін.



салса. Сол жердегі әкімдіктер бизнестің келуіне мүдделі әрі міндетті болуы керек. Екіншіден, ғылымды жеткізу. Қазір ғылымды дамытуға үлкен қаржы бөлініп, жобалар қолға алынып жатыр. Меніңше, осы жобаларға, бағдарламаларға бөлінетін қаражаттың кем дегенде 50 пайызы осы моноқалаларға шоғырландыру керек», — дейді Б.Ысқақов.

Үкімет моноқалаларды дамытуда Саран қаласының даму тәжірибесін ескеруге көңіл бөлмекші. Қарағанды облысында орналасқан Саранның өнеркәсіп өнімінің көлемі 2014 жылғы 21 577,8 млн теңгеден 2022 жылы 70 901,1 млн теңгеге дейін ұлғайған, яғни 3 есе өсім. Мұндай жоғарғы көрсеткіш қалада индустриялы аймақ құрудың нәтижесінде мүмкін болған.

Талдықорғанның маңындағы Текелі қаласында да өнеркәсіп өнімінің көлемі артауда. 2014 жылы өнім көлемі 11 376 млн теңге болса, 2022 жылы 30 914 млн теңгеге жеткен. Қалада жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны 81,3%-ке көбейіпті. Үкімет осы жылдың соңына дейін Хромтау, Сәтбаев,

моноқалада 1,5 млн адам тұрған, бұл еліміздегі қала тұрғындарының 16%-на тең. Қазіргі қолда бар дерекке сүйенсек, халық саны 1,3 млн шамасында. Моноқала тұрғындарының тағдыры, қала құраушы кәсіпорындардың жұмысымен тікелей байланысты. Жергілікті жұрт негізінен осы кәсіпорындардан напақасын табады. Сондықтан моноқалалардың негізгі проблемаларын шешу — мемлекеттік тұрғыда маңызды бар міндет.

Былтыр Ұлттық экономика министрлігі Өңірлік даму департаменті директорының орынбасары Нұрлан Құдияров Аіқунға берген сұхбатында (11.02.2023) 2012-2022 жылдар аралығында моно және шағын қалаларға 103,9 млрд теңге жұмсалғанын айтқан.

Ел Үкіметі биыл моноқалаларды қаржыландыруға деп қазынадан 62,8 млрд теңге қарастырып отыр. Оның 31,2 млрд теңгесі республикалық бюджеттен бөлінсе, 28,4 млрд теңгесі жергілікті бюджеттің қаражаты деп жоспарланған. Демек қаражаттан қам жоқ. Ендігі мәселе — әкімдердің іскерлігі мен жауапкершілігінде жатса керек.

Биыл қазақ халқының жыршылық өнеріндегі бірегей тұлға Кенен Әзірбаевтың туғанына 140 жыл толып отыр. Күміс көмей әнші, композитор артында өшпес мұра қалдырды. Кең далада желдей ескен ақын әндері бүгін де талантты орындаушылардың аузында жүр. Биылғы мерейтой қарсаңында жыршының кенже қызы Ақбілек Кененқызымен сұхбат құрып, халық ақыны туралы естеліктерге қанық болдық.

— Кенен атаның атын естігенде көз алдымызға жыршы тұлға бейнесі келетіні рас. Ал сіздің есіңізге бірінші болып түсетін не нәрсе?

— Әкемді ойлағанда, ең бірінші оның сондай балажандығы көз алдыма келеді. Балаларды өте жақсы көретін еді. Маңдайымыздан бір шертпей, аялап өсірді. Өлең арнап, ән шығарып, бізбен бірге бала сияқты ойнап отыратын. Әкем өте жақсы адам еді. Бәріміздің жүрегіміз сондай болып өсті. Кішкентай бала көрсек, елжіреп кетеміз. Бұл — бізге әкеден берілген қасиет. Бақытжан ағам да, Төрткен әпкем де тура әкем сияқты.

Қай жылы екені есімде жоқ. Қателеспесем, 5-6 жаста едім. Мәскеуден әкем Ақтамақ екеуімізге бірдей етіп, қып-қызыл шляпа әкеліп берді. Әкемнің сонау Мәскеуден алып келген сыйлығы деп, Ақтамақ екеуіміз басымыздан шешпей егіз сияқты жүретінбіз. Арамыз үш жас. Бұрын Жетпісбай, Сексенбайлар дүниеге келген. Көбі әкемнің Ақтамақ, Ақбілек деген қыздары барына таңғалып жатады екен. Анам Насиха — әкемнен 20 жас кіші, екінші әйелі. Әкем қайтыс болғанда Ақтамақ екеуіміз әлі баламыз ғой. Осы екі қызды қалай асыраймын деп анам әбден жылаған екен. Бірақ уақыт өте келе Төрткен әпкем бар, үш қыздың ортасында жүріп, сол кезде неге жыладым екен деп айтып отыратын. «Үш қыз менің қас-қабатқа қарап, жағдайымды жасап отыр. Жаратушы маған үш қызды бекер бермеген екен» деп жиі айтатын. Анам 96 жасқа келіп дүние салды.

Әкем мен анам ерлі-зайыпты болып қаншама жыл өмір сүрсе де, бір-біріне «әй» деп

Ақбілек КЕНЕНҚЫЗЫ:

ӘКЕМІЗДІҢ ДАУЫСЫ ЖАЗЫЛМАЙ



сөйлегенін көрмедік. Балаларын ерекше тәрбиеледі. Біз қиялғажайыптың ортасында өстік. Әкем ертегіні өте керемет айтып беретін. Тіпті, таңға дейін отырса да шаршамаушы еді. Әсіресе, Сарыбас ақын туралы ертегісі ерекше болатын. Бүкіл денесін жара басып кеткен ақын үлкен семсерімен жыланның басын шауып алып, бір кесек етін жегеннен кейін дертінен айығыпты. Содан Сарыбас атанып кеткен шығар. Әкемнің осы бір айтқан ертегісі жадымда сақталған. Үйдегі сөреде кітаптарлық толы тұратын, солардың қадірін білмеппіз. Қазір көп кітаптар музей ашылғаннан кейін апарып қойылды.

Рақымжан деген ағамыз болды, ол да Отарда тұратын. Оның айтқан жырын қасындағылар таңға дейін орнынан тапжылмай тыңдайтын. Осы сияқты әкем де аңыз-әпсаналарды айтқанда ұйып тыңдайтынбыз.

— Төрт ұлынан айырылып, «Базарым-ай, Назарым-ай» деп жырлаған ақын қызына ырымдап, Төрткемпірбіршал деп ат қойғанын, кейінгі ұлына Жамбыл Жабаев арнайы барып, Көркемжан деген есім бергенін білеміз. Сіздің есіміңізді қоюдағы мән неде болыпты?

— Иә, Базар, Назардан кейін, жалпы 7-8 баласы дүниеден озды. Төрткен әпкем туғанда қазақтың небір ырымдарын, қайткенде де тірі алып қалудың

амалын жасапты. Есіктен кіріп келген төрт кемпірдің, бір шалдың астынан өткізіп, есімін

“

Әкемнен қалған әндердің жинаушысы, құрастырушысы деп Төрткен әпкем мен Бақытжан ағамды айтар едім. Олар жасаған жинақ мемлекет тарапынан бөлінген қаржыға бестомдық еңбек болып жарыққа шықты. Оның ішінде бұрын жарияланбай қалған әндерінің барлығы дерлік енді.

”

Төрткемпіршал қойған. Көркемжан ағам туғанда Жамбыл ата үйге арнайы келіп, сәбиге арнап өлең шығарып, атын өзі қойған. Жамбыл атаның үйімізге келгенін біздің ауылдағы көзін көрген адамдар әлі күнге дейін айтып отырады.

Ал маған Ақбілек деп қоюдың себебі мынада болыпты: әкеміз жас кезінде қой бағып жүріп, Әндібай, Сәндібай, Мәндібай деген ұлдарым, Ақтамақ пен Ақбілек деген қыздарым болса деп армандаған екен. Ақтамақ пен Ақбілекті ұзатып, қалыңмал аламын деп тастан қой жасап ойнапты. Кейін осы есімдерді қоюды ұмытып кеткен. Соғыстан кейінгі жылдары жас кезіндегі арманы есіне түсіп үлкен қызының атын

Ақтамақ, менің атымды Ақбілек қойған.

— Кенен атаның шаңырағына арнайы келген ел ағалары батасын алып кететін деп естігінбіз. Осы рас па?

— Әкемнің шаңырағына кім келіп, кім кетпеді. Дастарқанынан Дінмұхамед Қонаевтан бастап елге еңбегі сіңген көп адам дәм татқан. Есімде қалғанын айтайын, 10 жасқа толған кезімде үйге Мұхтар Әуезов келген. Басымнан сипап отырып көзін сүрте берді, көзі қызарып кеткен. Мен үйдің еркесімін, баламын ғой, жылап отыр екен деп көзіне қарап қалғаным бар. Содан дастарқанда тұрған кәмпітті алдым да жүгіріп тұрып кеткенмін. Қазір есіме түссе, күлкім келеді.

Сәбит Мұқанов әйелі Мәриям апаймен жиі келетін. Ауылда тұрған соң кішкентай кезімізде тәтті кәмпіттерді көрмегенбіз ғой. Соны бізге Мәриям апай алып келетін. Олардың үйге қонғандарын да білемін. Бөлмеде әкемнің төсегінің жанында дөңгелек үстел

алған екен. Мұндай оқиғаларды Төрткен әпкем жазып жүрген, жинақтаса, бір кітап болатын әңгіме.

Қазақтың бұлбұлы Күләш Байсейітова Мәскеуге Қазақстаннан барған кезінде қасында әкем де болыпты. Сонда қайтыс болады. Әкем Күләшка арнап ән шығарыпты. Әнші қыз сұлу, ақылды, қыз Жібектің өзі болып сипатталады.

— Кенен атаның артында қалған ұрпақтары жайлы сөз қозғайықшы. Асырап алған Хамсият деген қызы болыпты. Одан тараған ұрпақтармен қарым-қатынастарыңыз қалай?

— Соғыс жылдарында шешендер, ингуштар, тағы көп ұлт елімізге жер аударылып келді. Дағыстаннан келген екі ұлы, бір қызы бар ана жолда қайтыс болады. Балаларын Шу өңіріндегі балалар үйіне өткізген екен. Кейін өз күнін көре алатын жасқа жеткенде балалар үйінен шығарып жіберген. Отар стансасында жылап тұрған қызды көргенде жаны ашыған әкем атын сұраса, Хамсият деп жауап беріпті. Жөнін сұраса, Сүлеймен Стальскийдің (Дағыстанның халық ақыны және лезги тіліндегі поэзияның негізін қалаушы) атын атапты. Бұл жас бала оның жақыны болмаса қайдан таниды, немере не шөбересі ме кім білсін, кім болғанда да оны асырап аламын деп үйге алып келген екен. Содан Төрткен әпкеммен қатар өсіп, мектепке де бірге барған. Әкем Хамсият атын ұмыта бергеннен кейін Айша Кененова деп қазақшаға өзгерткен. Ол бойжеткен соң Мәмет деген қазақ жігітіне тұрмысқа шықты. Одан туған 5 ұл, 1 қыз бар. Олардың бәрі қазір Қордайда тұрады. Біз олардың балаларымен әлі күнге дейін жақсы қарым-қатынастамыз. Жиындардың бірін қалдырмай бас қосып тұрамыз.

— Қазір Кенен Әзірбаевтың жарыққа шықпай қалған әндері бар ма? Әкеңіздің мұрасын жинаған, жүйелеген адамдар болды ма?

— Әкемнен қалған әндердің жинаушысы, құрастырушысы деп Төрткен әпкем мен Бақытжан ағамды айтар едім. Олар жасаған жинақ мемлекет тарапынан бөлінген қаржыға бестомдық еңбек болып жарыққа шықты. Оның ішінде бұрын жарияланбай қалған әндерінің барлығы дерлік енді. Әкем әнде-

ЖАС КЕЗІНДЕГІ ҚАЛҒАН



рінің барлығы фортепиано нотасына сай жазылған. Соның барлығын домбыра ноталарына түсіріп, кітап қып басып жүрген — Төрткен әпкем мен Бакытжан ағам.

Әкемнің жас кезіндегі дауысы арғы ауылдан бергі ауылға естілетін болған. Бұл қасиеті Төрткен әпкеме ерекше дарыды. Ол кісі Бибігүл Төлегенованың орындауындағы әндерді айтқанда дауысы керемет. Бірақ консерваторияға бір баласын жолатпаған. Өйткені өнер қанмен беріледі деп отыратын. Бакытжан ағам да өнерге жақын болды. Қазір ойласам, өзім әкемнен ала алмай қалған дүниелерім көп екен. Әндерін, өлеңдерін үйреніп, қаттап, жинап жазып жүрмеппін. Балалығым болар, бәлкім. Әйтеуір, Төрткен әпкем үлкені болғандықтан әкеміздің өз аузынан барлық әндерін үйреніп, жазатынын жазып алған. Бакытжан ағам екеуі әкемнің қасынан бір елі қалмаған. Біздер жас болдық, әкемнен көп дүние ала алмай қалдық.

Әкемнің 40 жастағы дауысы қалай болды екен?! Оның небір әні Таразда екі жылда бір рет өтетін «Шырқа, дауысым» фестивалінде шырқалды. Әкем тек арабша жазатын еді дедім ғой, сол еңбекті зерттеймін деп үйге келіп кететін адам көп еді. Сол кездерде әкемнің өз қолымен жазып түсірген ноталар жазылған қалың дәптер түгелімен жоқ болып кеткенін естіп қалғаным бар. Мүмкін солардың бірінің қолында кеткен шығар.

Әкемнің мұраларын жинауда үлкен еңбегі сіңген атақты композитор Борис Заковичті атап өтпесем болмас. Ол нотаға түсіріп, пластинканы шығаруда көмегі көп тиді. Өзі — музыкатанушы, бүкіл қазақ даласының сал-сері, әнші-ақындарының жарияланбай қалған әндерін нотаға түсіріп жүрген ғалым. Ол кісі үйге келгені есімде. Әкемнің кабинетінде екеуі әңгімелесіп отыратын, әкем домбырасын тартып отырса, ол нотаға түсіріп жазып алып отыратын.

— Әкеңіздің әр әні белгілі бір жағдайға байланысты туған деседі...

— Иә, әндері әлі күнге дейін де орындалып жүр. «Мен сүйемін халқымды» әнін опера солисі Сүндет Байғожин орындап жүр. Әкемнің 6 жылға созылған науқасынан айыққаннан кейінгі шығарған әні — бұл. Мен бір жас кезім екен, 1951-1952 жылдар аралығында әкем дертке шалдығады. Дерт деп айтуға да келмес. Анамның айтуынша, еш жері ауырмайды екен, орнынан қозғалмай отырады, сөйлесе тек басын изеп қана жауап береді екен. Әкемді түсіну әбден қиын болыпты, ол кезде ешқандай өлең де жазбапты. Құр сұлдері қалған десе де болады. Соны қазіргі тілмен айтқанда, депрессия болған шығар деп ойлап қаламын. Бұл жайында Төрткен әпкем анамның айтқандарынан жинақтап жазып алған. Одан бөлек, әндерінің тақырыптарын, шығу тарихын да жинақтаған. Ұзаққа созылған науқасынан айыққаннан кейінгі ең бірінші әнін халқына арнапты, ол кезде

әкем әлі 70-ке де жетпеген кезі болыпты. Әкем ауырып жатқанда үйге Сәбит Мұқанов келіп, «Мына жер сіздің денсаулығыңызға жарамайды екен» деп жаны ашып айтқан әңгімесі есімде. 75 жылдық әкемнің ең алғашқы мерейтойы еді. Бұл

“

Әкемнің жұмыс үстелінде үнемі «Қазақ әдебиеті» газеті, қазақ тіліндегі түрлі журналдар жататын.

Өте көп оқыды, бірақ басылымдарға жазбайтын. Бакытжан ағамның әкемнен

үйренген бір сөзі бар,

«Ұрлық, өтірік айту ұнамайды»

деп отырады.

қазіргі Кенен ауылында тойланды. Жиылған қамқор, сүйеніш болған адамдар Сәбит Мұқановты көп айтып отыратын. Ол әкемнің еңсесін көтеріп, өмірге қайта тірілген адам деп ойлаймын. 1959 жылы 75 жасқа толған мерейтойы аталып өтті. Осы кезде «75» әні нотаға түсіріліп қалған екен.

«Бағалады партия алып еске, Қос орденді қадады кәрі төске. Ардақты ел аралап ән сап жүріп, Жеткенімді білмеппін 75-ке» әні — алғашқы мерейтойында шығарылған шумақтар.

Одан кейін «Қайран жастық» әні жазылды. Бұл 1965 жылы жазылған, бірінші «Қартайғанда» деген атпен шығыпты.

«Бұлбұл ұшты көзімнен қайран жастық,

Асық ойнап жас күнде тайраңдастық.

Сабау қамшы таяқты ат қып мініп,

Шаңмен ұшып желменен біз жарыстық» — кең таралған, көп айтылатын өлеңдерінің бірі. Төрткен әпкем оны нотаға түсіріп, өзі жиі домбырамен орындайды. Ал «Сынаптай сырғақ дүние» әнінде Ораз Жандосов туралы айтады. Осы тұста айта кетейін, Ораздың ұлы Санжар Алматыда Бакытжан ағаммен жолығып қалыпты. Сонда өзінің немересінің атын атамның аруағы қолдап жүрсін деп Кенен қойған екен. Бұл оқиғаны Бакытжан ағам керемет баяндап жазған.

55 жыл отасқан сүйген жары, менің анам Насиха Ғабылтайқызына арнап жазған әні де бар. Әкемнің өте балажан кісі болғанын айттым ғой, балаларға арналған өлеңі бар, соны қазір «Балаларым балдырғаным, сүйсем мейір қандырғаным» деп немерелеріме айтып отырамын.

— Кенен атаның үйінде қазір кім тұрады, әлде музей ретінде сақтаулы тұр ма?

— Кенен атаның үйі — біздің қара орманымыз. Ол үй әлі сақтаулы тұр. Үйде Төрткен әпкемнен кейінгі Көркемжан ағамыз тұратын. Көркемжан аға дүниеден өтті. Қазір ол үйде Көркемжан ағамның туған немересі Мұрат және ағамның әйелі Дина жеңгей тұрады. Мұрат әкеміз атындағы мемориалды музейде директор орынбасары қызметін

— Әпкеңіз Төрткен Кененқызы бір сұхбатында атамның «халық жауы» атанғанын айтыпты. Осы оқиғаны таратып айтып беріңізші. Оған әсер еткен қандай әрекеттері немесе шығармалары?

— Әкем Кеңес үкіметі орнағаннан кейін Қордай ауданында ревкомның, революция комитетінің төрағасы болды. Бұл кезде тікелей Ораз Жандосовпен бірге бір қызметте болған. Ол кісі бірнеше рет Қордай ауданына келген. Әкемді де Алматыға жиі шақырып тұратын. Бір қызметте жүріп, бірге тұрып, екеуі достасып кетті. Сол уақыттарда Ораз Жандосовты «халық жауы» деп айыптап, ұстап алып бара жатқанда, әкем оны жолдан қарсы алып, «Қош бол, Оразжан» деген әнін шығарыпты. Міне, осы әні үшін әкемді де «халық жауы» деп таныпты. Алты ай түрмеде жатқан әкем ақталып шықты. Бірақ қалай босап шыққанын білмейміз. Бұл туралы бірқатар деректер бар. Қателеспесем, Мұхамеджан Қаратаев жазған шығар, оны қасындағы Ораздың досы немесе көмекшісі ұстап берді деген ақпаратты оқып қалғаным бар. Кенен Әзірбаев қазақтың ортасында жүрген сыйлы ақын, әнші деп түрмеден шығарып алған дегенді естігем.

— Тележүргізуші Мая Бекбаева Кенен Әзірбаевтың 140 жылдық мерейтойына арнап «Наша история» атты кино түсіріп жатыр. Сіз киноның сценарийімен танысып көрдіңіз бе? Өзіңізден де бірқатар естеліктер алған шығар?

— Бұл сұраққа жауап беруге қиналып отырмын. Мая Бекбаева деген кино түсіріп жүрген қызды көргенім жоқ. Қазірге дейін ол менен ешқандай сұхбат та алмады. Бірақ кино түсіріп жатыр екен дегенін естігеніммен сценарийімен танысып көрмедім.

— Жыршының мерейтойы қарсаңында аты берілген мектепте бюст ашылды. Атаулы жылға арналған тағы қандай жобалардан хабардарсыз?

— Әкемнің атына берілген мектептер баршылық. Көбі — оңтүстік өңірінде. Кенен ата ұрпақтары жыл сайын аты берілген мектептерге жиі-жиі барып, кемшін тұстарына көмектесіп тұрады. Жақында кітаптарын, әндерінің ноталарын мектептерге қалдырып қайттық. Әкеміздің биыл 140 жылдығына орай Отар мен Байзақ ауданындағы мектепке ұрпақтары атынан Кенен қорынан бюст орнатылды. Мерейтойға байланысты түрлі концерттер өтіп, баяндамалар оқылып жатыр. Биыл кино да түсірілмек.

— Әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Заң үстемдігінің орнауы халықтың құқықтық мәдениетінің даму процесімен тығыз байланысты. Сондықтан мемлекеттің халықтың сауаттылығын арттыруға баса назар аударуы маңызды. Біздің елімізде әрбір мемлекеттік орган құқықтық түсіндіру жұмыстарымен айналысады, бірақ мұндағы ведомстваралық үйлестіруді Әділет министрлігі жүзеге асырады. Бұл бағыттағы жұмыстарды сапалы ете түсу үшін министрлік жүйелі іс-шараларды жүргізуге баса назар аудара отырып қайта қараған екен. Осы мақсатта «2024-2026 жылдарға арналған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының іс-шаралар жоспары» әзірленген. Соның ішінде құжат негізгі 4 блокқа бөлініп отыр.

Нұрлан ҚОСАЙ

Халықтың тек құқықтық тұрғыдан ғана емес, жалпы қай жағынан да, соның ішінде қаржы, дін, экономика, технология тұрғысынан да сауатты болғаны мемлекет, оның адами капиталы үшін өте үлкен жетістік. Десе де, осылардың бәрінің де негізінде құқық жатыр. Өйткені нигилизм мен сауатсыздық азаматтық қоғам дамуы тек тежеп қана қоймай, орта ғасырларға ығыстырып тастайтын күшке ие екені айтпаса да түсінікті. Осы ретте құқықтық мәдениетті қалыптастыру табандылық пен асқан жауапкершілікті талап етеді. Осы уақытқа дейін құқықтық сауатты арттыру жұмыстарын мемлекеттік органдармен тұрақты негізде мүдделі тараптардың кең ауқымын тарта отырып БАҚ, әлеуметтік желілер, интернет-ресурстар арқылы жүргізген Әділет министрлігі халықты құқықтық ақпаратпен қамтамасыз етудегі сапа мәселелерінің өзектілігін ескере отырып, соңғы жылдары ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейтуге ден қойған екен. Нәтижесінде, үш жылдық жоспар қабылдап, оны әртүрлі мақсатты аудиторияға бағытталған 4 блокқа бөліп отыр. Олар іс-шараларды ұйымдастыру, азаматтардың ақпаратты өз бетінше зерделеуіне мүмкіндік беру мақсатында құқықтық ақпаратпен қамтамасыз етудегі мемлекеттің белсенді рөлі, өскелең ұрпақ пен жастарды құқықтық тәрбиелеу бойынша жүйелі жұмыс және ауылдық жерлерді қолжетімді құқықтық ақпаратпен қамтамасыз ету сынды тарауларды қамтиды.

«Біз мемлекеттік аппараттың құқықтық түсіндіруге қатысты бүкіл жұмыстарын, соның ішінде азаматтардың құқықтық түсіндірудің жаңа тәсілдерін одан әрі дамыта отырып, қоғамның ең өзекті сұраныстарын анықтау бойынша өтініштерін талдап жатырмыз. Бұл жұмыстар мемлекеттік органдардың ресми сайтында, бұқаралық ақпарат құралдарында, азаматтардың өтініштерін қабылдау және өңдеуге арналған eOtinish бірыңғай платформасында жарияланған және өзіміз дайындаған екі анкета бойынша жинақталған ақпараттар негізінде жүзеге асырылады, – дейді Әділет министрлігінің Құқық түсіндіру

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ – ҚҰНДЫ БАСТАМА



және үйлестіру департаменті Құқық түсіндіру басқармасының басшысы Әлия Садырбекова.

Оның айтуынша «бірінші анкета» құқықтық насихат жұмыстарының деңгейін және ең қажет етілетін ақпарат көздері мен түрлерін анықтауға арналған. Бұл арқылы азаматтардың құқықтық ақпаратты қаншалықты сапалы және оңай ала алғанын біле аламыз. Мәселен, күні бүгінге бұл анкетаны 74 респондент толтырған екен. Ондағы «Қазақстан Республикасының заңнамасын қаншалықты білесіз?» деген бірінші сұраққа жартысынан астамы, яки 64 адам «өз құқықтарым мен міндеттерімді білемін» деп жауап берген. Екінші сұрақта респонденттерге құқықтық ақпараттың қолжетімділігін бағалау ұсынылды. Мұнда 67 адам, яки 90,54%-ы оң жауап берген. Келесі сауал азаматтардың ақпараттарды қандай мәлімет көздерінен алатыны туралы болды. Олардың көпшілігі, нақты айтқанда 43 адам ұйымдар мен жеке тұлғалардың сайттарынан және жеке парақшаларынан алады екен. Ал «заң көмегіне қаншалықты жиі жүгінесіз?» деген сауалға көпшілігі қажеттілігіне қарай деп жауап берген. Бесінші сұрақта азаматтардың құқықтық мәдениетін көтеру үшін не қажет екенін білмек болдық. Респонденттердің басым бөлігі «барлығы бала күнгі тәрбиеге және мектептер мен ЖОО-ларда берген білімге байланысты» деген пікірге тоқайласты. Анкетадан өту үшін «Ашық диалог» порталында тіркеліп, «Құқықтық мәдениет пен құқықтық түсіндіру жұмысын ұйымдастыру және жүргізу бойынша халыққа арналған анкета» бөлімін тауып, оны толтыру қажет.

«Екінші анкета» аумақтық Әділет органдары арқылы, яки әр облыстың әділет басқармалары арқылы заң көмегін алатын азаматтардың пікірлерін есепке алуға бағытталған. Анкетаның көмегімен кері байланыс арқылы біз ақпаратпен қамтамасыз ету сапасын бақылаймыз, яғни азаматтарға кеңес берудің қалай жүргізілетінін, олардың сұрақ-

тарына толық жауаптардың берілген-берілмегенін және өтініш берушілердің өздері жауапқа қанағаттанғанын немесе қанағаттанбағанын талдаймыз. I тоқсан бойы мұндай іс-шара республикамыздың 4 қаласы мен 110 ауылында өтті. Онда 9 440 адам қамтылып, оларға атқарушылық өндіріс, нотариалдық қызмет, жер қатынастары, жылжымайтын мүлікті тіркеу, азаматтық алу, алименттер және тағы да басқа мәселелер жөнінде мәліметтер берілді. Осылардың ішінен 619 адам анкета толтырды. Бұл нысандағы құжатты аумақтық әділет органдарының қызметкерлері адвокаттармен, нотариустармен, заң консультанттарымен және сот орындаушыларымен бірге ай сайын ауыл тұрғындарына заңгерлік көмек көрсету үшін ауылдарға барған кезіндегі «Заңи көмек көрсету күндері» атты кездесулер аясында толтыруға болады. «Іс-шараларды ұйымдастыру» деген бірінші блогымыз осы», – дейді басқарма басшысы.

Азаматтар заңдағы өзгерістер немесе қандай да бір жаңа заңның әзірленгенін туралы көбіне олар қабылданғаннан кейін ғана біліп жатады. Яки, бұл олар ештеңе өзгерте алмайды деген сөз. Ал заңға сөйкес, Қазақстан Республикасының азаматтары қандай да болмасын құқықтық реттеуге, соның ішінде оның даму сатысында ұсыныстар енгізуге құқылы. Міне, осы кемшіліктер «Азаматтардың ақпаратты өз бетінше зерделеуіне мүмкіндік беру мақсатында құқықтық ақпаратпен қамтамасыз етудегі мемлекеттің белсенді рөлі» атты екінші блокқа қарастырылған екен. Осы мақсатта мемлекет азаматтардың пікірін есепке алу үшін «Ашық НҚА» порталын құрған болатын. Дегенмен бұл порталдың бар екенін әлі де болса көп азаматтарымыз хабарсыз. Сол себепті Instagram желісінде қазақ және орыс тілдерінде @zan.onai парақшасы ашылған. Мақсат – «Ашық НҚА» порталында жарияланған нормативтік-құқықтық актілердің жобала-

рын қарапайым тілде және қолжетімді нысанда түсіндіру, сол арқылы азаматтарды заң шығару процесіне тарту. Одан басқа eOtinish бірыңғай платформасында «Жиі қойылатын сұрақтар мен жауаптар» блогы ашылған, «Әділет» веб-сайтында және НҚА этолонды қадағалау банкіне заңнаманы түсінікті тілде түсіндіре отырып, құқықтық ақпаратты ұсыну қолға алынған.

«Өскелең ұрпақ пен жастарды құқықтық тәрбиелеу бойынша жүйелі жұмыс» туралы да осыны айтуға болады. Бұл блокқа Әділет министрлігі құқықтық тәрбие ерте жастан басталатынын басты назарға алып, жас ұрпақтың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға баса көңіл бөліп отыр. Осы мақсатта, мәселен, мектептегі «Құқық негіздері» оқулығының мазмұны қайта қаралуда. Өйткені онда оқушыларға берілетін ақпараттар «күрделі» тілде жазылған, бұл оны оқушыларға да, тіпті мұғалімдерге де қабылдауына қиындықтар туғызады. Сонымен қатар осы пән бойынша оқыту әдістемесін тұтастай қайта қарастырып, аудиториялық сағаттар, қосымша сабақтар аясында ақпараттық-насихат жұмыстарын жүргізіп, жастарға кеңес беру үшін Жастар ресурстық орталықтарын пайдалану жоспарлануда. Бұл ретте жастардың өздері де ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына тартылады.

«Жоспар аясында басты назарды ауылдық жерлерге бөліп отырмыз. 4-ші блок соған арналған. Осы ретте ауылдық елді мекендердің интернетке қолжетімділігі әрқашан жеткілікті бола бермейтінін ескере отырып, негізгі құқықтық ақпараттарды Қазпоштаньң стендтерінде, ауылдық кітапханаларда, ауылдық әкімдік ғимараттарында, сондай-ақ радиостансаларда және ауылдық жерлерде таратылатын баспа өнімдерінде орналастыру ұсынылады. Мәселен, Түркістан, Қызылорда, Қостанай және Ақмола облыстарының әкімдіктері өздерінің интернет-ресурстарында, соның ішінде әлеуметтік желілерінде және вокзал, автовокзал, әуежай, ХҚКО,

СОСО, көпқабатты тұрғын үйлер сінды тағы да басқа қоғамдық орындарда Әділет министрлігі Құқықтық-ақпараттық қызметінің (КАК) байланыс телефондары көрсетілген анықтамалық ақпараттар ілінген.

Жалпы алғанда, 2023 жылы ҚАК үзіліссіз және демалысыз тәулік бойы режимде құқықтық мәселелер бойынша 194 357 тегін анықтама және кеңес беру қызметін көрсетті. Оның ішінде, «119» Бірыңғай байланыс орталығы арқылы – 134 630, WhatsApp арқылы – 9 229, «Әділет» НҚА ақпараттық-ізвестіру жүйесі арқылы – 4 775, «Виртуалды кеңесші» (чат-бот) виджеті арқылы – 14 162, «119Kenesbot» арқылы – 2 809, азаматтардың өтініштері бойынша келіп түскен жауаптарды «Білім базасына» қосу арқылы – 28 032, жазбаша өтініштерге кеңес беру арқылы – 720 қызмет көрсетілді», – дейді ӘМ Құқық түсіндіру және үйлестіру департаменті Құқық түсіндіру басқармасының бас сарапшысы Карина Ашжанова.

Оның айтуынша, есепті кезеңде халықты атқарушылық іс жүргізу заңнамасын түсіндіру бойынша сұрақтар, атап айтқанда, борышкерлер тізіліміндегі мәртебесі, сот орындаушыларының әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне шағымдану, шоттарын бұғаттан босату, атқарушылық іс жүргізудегі кезегі, сот орындаушыларының қызметіне ақы төлеу мөлшері анағұрлым көбірек қызықтырған екен. Мысалы, борышкерлер тізіліміндегі мәртебесін тексеру бойынша 14 213 өтініш тіркелген. Коммерциялық емес ұйымдарды тіркеу немесе қайта тіркеу мәселелері бойынша 2 657 кеңес берілген.

Ал ауылдық елді мекендердегі цифрлық алшақтықты жою үшін тұрғындарға «Әділет» ақпараттық-ізвестіру жүйесін пайдаланып, қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілермен таныса алу үшін құқықтық ақпарат қолжетімді жұмыс орнын ұйымдастыра отырып, яки компьютер орнатып беру арқылы «Құқық кабинетін» ашу немесе eOtinish ресурсына қол жеткізу мүмкіндігі бар «Заң» дерекқорын орнату, Әділет министрлігінің Құқықтық ақпарат қызметіне жүгіну немесе барлық ресурстарды пайдалану бойынша әдістемелік ұсыныстар беру қарастырылуда. Соның нәтижесінде бүгінде Қарағанды, Түркістан, Қызылорда, Алматы, Солтүстік Қазақстан, Атырау облыстарының шалғай елді мекендерінде «Құқық кабинеттері» жұмыс істеп тұр.

Жалпы алғанда, «2024-2026 жылдарға арналған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының іс-шаралар жоспары» субъектілердің кең ауқымын, яки мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, үкіметтік емес ұйымдардың, сарапшылық, ғылыми және басқа да ортаның өкілетті өкілдерін тарта отырып, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру жөніндегі жұмысты күшейтуге басымдық беретін жүйелі шараларды көздейді. Оның ішінде құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу әдістемесін және халыққа ақпарат жеткізудің жаңа тетіктерін қайта қарау бағыттары да бар.



Бақытжан БҰҚАРБАЙ,
AmalBooks баспасының
негізін қалаушы, баспагер:

Бытыр
Түркістан төрінде
өткен Ұлттық құрылтайда
Мемлекет басшысы: «Идеология
жұмысындағы басты бағыттың бірі – кітап
басып шығару ісі. Қазақстан нарығында
шетел өнімдері басым екені жасырын емес.
Әдеби кітаптардың 90 пайызға жуығы сырттан
келеді. Бұл үрдістің салдары қандай болатыны
айтпаса да түсінікті. Ұлттық мүддеге сай келетін
кітаптарды көптеп басып шығару өте маңызды», – деп
атап өткен болатын. Иә, жасырағы жоқ, еліміздегі кітап
сәлемдеріндегі басылымдардың басым көпшілігін шетелдік
өнімдер құрайды. Тек соңғы жылдары ғана қазақ тіліндегі
кітаптар саны артып келеді. Әлемдік әдебиеттің ең үздік
үлгілерін аударып, басумен айналысатындардың басым
бөлігі тәуелсіз баспагер. Сол тәуелсіз баспалардың
қатарында AmalBooks баспасы да бар. Жуырда
баспадан Нельсон Феллдің «Русия һәм көшпелілер.
Қазақ даласы туралы хикаялар» атты жаңа
кітабы жарық көрді. Осы ретте баспа
жетекшісі Бақытжан Бұқарбаймен
атамыш кітап төңірегінде
өңгіме өрбіткен едік.

АВТОР ҚАЗАҚТЫҢ

ҰҚЫПТЫЛЫҒЫҢА СҮЙСІНІПТІ

– Бақытжан мырза, тақырыбының өзі оқырман шақырарлық бұл кітап сізді несімен қызықтырды? Неліктен осы кітапты аударып басуға бел будыңыздар?

– AmalBooks баспасы Қазақстанда кітап басумен 2016 жылдан бері айналысып келеді. Баспа non-фикшн, бизнес және тарих бағытындағы кітаптарды басумен айналысады. Алматы қалалық мәслихат депутаты Дулат Тастекей деген кәсіпкер ағамыз бір кездескен кезінде: «Бірлесіп бір кітапты аударсақ, қандай кітаптар бар?» деп бастамасын жеткізді. Мен кезекте осы кітап тұрғанын жеткіздім. Бұл кітап – 1905 жылы қазақ даласына келіп, қазіргі Қарағанды облысындағы мыс кеніштерін сатып алып, мыс қорыту зауытын басқарған британ кәсіпкері Феллдің таңғажайып этнографиялық жазбалары. Ақырында бұл кітапты Assyltas қорының қолдауымен тұңғыш рет қазақ және орыс тілдеріне аударып шықтық. Оның алдында бұл еңбек алғаш рет 1916 жылы Лондон және Нью-Йоркта басылған еді.

Енді неліктен осы кітапты шығардық дегенге келсек, бүгінге дейін халқымыздың өткеніне қатысты неше дерек оқысам да, кәсіпкер сияқты ойлай алатын адамның жазбасын алғаш кездестіріміз. Жалпы, бұған дейін біз басқан еңбектердің бәрін зерттеушілер немесе саяхатшылар жазса, ал бұл туындының құндылығы кітапты кәсіпкердің өзі жазуы. Автор британ инженері Эдвард Нельсон Фелл Жаңа Зеландияда дүниеге келген. Оның ағасы Артур Британ парламентінің мүшесі болған. Англияда отырып-ақ «Флоридада кәсіп жасап, ақша табуға мүмкіндік бар» деп інісін жіберіп отырған. Сосын Нельсон Флоридада жер сатып кәсіп жүргізеді. Сондай-ақ «Ресей империясының дала өлкесінде мыс кеніштерін сатып алуға болады», – деп інісіне қолқа салады. Ақырында қазақ жеріне келіп мыс кеніштерін сатып алады. Мұнда тоғыз жыл ішінде, қазіргі тілмен айтсақ, мыс балқыту зауытына басқарушы менеджер болған. Ағылшын тілінде авторға

қатысты, бірақ кітапқа еңбеген бір деректерді көрдім. Қателеспесем, сол қазақ жерінде болған тоғыз жыл ішінде, әсіресе соңғы жылдарында елімізде жасаған бизнесінің арқасында айына таза 640 мың доллар тауып отырған. Қазіргі курстың бағамына салатын болсақ, оның таза табысы 22,4 млн доллар болады. Кітапта келтірген деректері ерекше әрі тың. Өзім де кәсіппен айналысып жүрген соң, бұл еңбекті басқа аудармашыға қимай, ағылшын тілінен орысшаға өзім аудардым. Бұл – мен аударған екінші кітап.

– Автордың көзімен қазақтың тұрмыс-тіршілігі қалай суреттелген?

– Ол кітабының алғысөзін: «Бұл кітапта баяндалған оқиғалар қазақ даласында өткен, қазақтар жайлайтын өлке – Орталық Азия тау жоталарының бір жағын алып жатқан аймақ, біздің бүкіл батыстық дүниетанымның, мәдениет пен діннің тамыр жайған мекені» деп бастайды. Автор кітабында бізді Ресейдің құрамындағы ел екенімізді жазады. Бірақ қазақтардың бұл өлкені байырғы заманнан мекен етіп жатқанын тілге тиек етеді.

Тағы бір маңызды жайт, автор сол замандағы қазақтардың жұмыс істеудегі ұқыптылығы мен жауапкершілігін ерекше атап өткен. Мәселен, жүкті межеленген жеріне жеткізуді тапсырсаң, жауапкершілікпен қарайды әрі бағасы арзан екенін жазды. Аманатқа қиянат қылмайтынын айтады. Сенім жағынан қазақ жұмысшылары америкалық жүк тасымалдаушы компаниялардың өзінен әлдеқайда жақсы екенін айтады. Бір ғана кеніштің айналасында болған оқиғалар туралы оқып, сол дәуірдегі ұлттың болмысын сипаттайды. Сондай-ақ қазақтың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі туралы жазылады. Мысалы, ас беру туралы айтылады. Өлкедегі бір бай қайтыс болып, соған ас беріліп, бәйге өткен. Ол соған қазақтың ұлттық киімін

банктен банкке ақшаны бір күнде аудармайсың. Жұмысшыларға айлық төлеу үшін Ақмолаға барып, банктен қолма-қол ақша алу керек-тін. Қыс мезгілінде қиынға соғуы мүмкін болған соң, жанындағы кісілер Адамбай деген байдан көмек сұрау керегін айтады. Ол бай капиталын ақшамен сандыққа салып ұстайды екен. Содан бірден барайық десе жанындағы адамдар тағы да ақыл қосады. Адамбай өз арамызда белді кісі, сіз де белділі адамсыз. Оған алдымен естіртуіміз керек. Сосын ол бай дайындалып, киіз үйін баптап Нельсонды күтеді. Дастарқан басында бұйымтайын жеткізгісі келгенде қасындағы Құсайын деген көмекшісі: «Әлі реті келген жоқ» деп айтқызыбайды. Кейіннен Адамбай зауытқа қонаққа келеді.

да ереуілге шығады. Осындай қызықты мәліметтер бар.

– Енді алдағы уақытта осындай бағытта тағы қандай кітаптарды аударуды жоспарлап отырсыздар?

– Бұл туынды тарихымыздан сыр шертетін әрі тың деректерді ұсынатын «Таза тарих» сериясының аясында шығып отыр. Тарихи кітаптарды шығарғанда нақты дереккөздерге сүйенген туындыларды басумен айналысамыз. Оның ішінде біздің даламызға келіп-кеткен саяхатшылар, зерттеушілердің құнды тарихи деректері болса немесе оларға сүйене отырып, архивтерден бұрын жарияланған материалдарын іздеп, соларды ұсынамыз. Бұл серия шеңберінде Кенесары хан, Жанқожа батыр толғауы, «Аспантау асқан үркін көш» деген кітаптар шықты. Мұхамеджан Тынышпаевтың 1925 жылы жарық көрген тарихымызға қатысты еңбегін де біз қайта басып шығардық. Мысалы, Жанқожа батыр туралы кітапты өзім екі жыл жүріп дайындадым. Батырға қатысты ең ірі еңбек соңғы рет 1942 жылы жарық көріпті. 81 жылдан кейін біз шығарып отырмыз. Кітапты дайындау барысында XIX ғасырда жазылған Мұсабай жыраудың толғауының қолжазбасын таптық. Бұл жыраудың толғауы көп оқырманға белгілі, қазақ жырауының түрлі жинағына енген. Дегенмен түпнұсқаны тапқан кезде айырмашылықтарын байқадық. Сондай-ақ 1847 жылғы Жанқожа батырдың Ресей әкімшілігімен жазысқан хаттарын сондағы әскери архивтерден алдырып енгіздім. Бұл ақпараттардың дені бұрын-соңды шықпаған. Ресейдің Иван Аничков есімді этнографы осы Жанқожа батырды Кенесары хан мен Есет Көгібарұлы сынды даңқты тұлғалармен қатар қояды. Яғни, бұл батыр әлі де толық зерттеуді талап етіп отырған тұлға. Кітапқа Ресей империясы тұсында батыр туралы жарияланған мақалаларды да қостық. Ғылыми жанамағы бар еңбек деуге толық негіз бар.

Енді алдағы уақытта қандай еңбектерді аударамыз деген жоспарымызға келсек. Тарих сериясымен баспадан 2021 жылдан бері 7 кітап жарық көрген еді. Нельсон Феллдің орысша-қазақша нұсқасындағы кітабымен қоса есептесек – 9 кітап. Биыл аталған серия аясында жалпы саны 20 кітап басып шығару жоспарланып отыр. Қандай кітаптар екенін әзірге құпияда ұстай тұрайық. Алдағы уақытта оқырман қауымға мәні мен маңызы зор кітаптарды ұсынатын боламыз деп сенемін. Баспамыздан басқа жанрдағы кітаптар үздіксіз шыға береді, бірақ өзім тарих бағытындағы кітаптардың көптеп шыққанын қалаймын. Өйткені бұл тарихи санамызды қалпына келтіру, сырттан келетін түрлі ақпарат пен геосаяси қауіп-қатерге халқымыздың дайын болуына бірден-бір көмекші құрал. Бұл – үлкен идеологиялық жұмыс. Көпшілік онымен тек мемлекет, Үкімет қана айналысуы керек деп ойлайды. Шын мәнінде идеология қоғамның өзінен де туындауы керек. Бүгін осы кітап болса, ертең басқа бір құнды деректерді тауып, басып шығарамыз. Өз тарапымынан халқымыздың тарихи жадын қалыптастыруға үлесімді қосқым келеді.

– Әңгімеңізге рақмет! Істеріңізге сәттілік тілейміз!

Сұхбаттасқан
Наурызбек САРША



киіп барады. Сол сияқты қазақтардың қазіргідей күнтізбе жоқ заманда оразаның соңғы күнін айға қарап анықтайтынын жазған. Егер аспан бұлтты болып ештеңе байқалмаса тағы бір күнге созытын болған екен. Басқа кітаптарда ас беру, ораза ұстауға қатысты деректер кездесіп жүрген соң мен үшін таңғаларлық нәрсе болған жоқ. Бірақ бұрынғы кітаптармен салыстырғанда тың деректер бар.

– Кітапта тың әрі қызықты деректер бар дедіңіз. XX ғасыр басындағы қазақ даласындағы қандай да бір тарихи оқиғалар қамтылған ба?

– Сөз басында айтып өткенімдей, кітапты іскер адам жазған. Сондықтан да бұл туындыда кеніштің айналасындағы оқиғалар өрбиді. Спасск қаласында мыс қорыту зауытының айналасындағы жұмыс барысында туындаған проблемалардың шешімін іздеу, оған қазақтардың жұмылдыру деген секілді. Яғни, оның ойлау стилі кәсіпкерге тән. Этнограф немесе зоолог болса, өсімдік не жануар әлемі сияқты басқа дүниелерге мән беретін еді. Мысалы, Фелл айлық төлеу мәселесі туралы жазады. Ол кезде қазіргідей цифрландыру жоқ,

Яғни, батыстағы кездесулердегі емес, біздегі келіссөздер басқаша өрбитіндігі айтылады. Бұдан бөлек, автордың Қоянды жәрменкесіне, Павлодарға барғаны баяндалады. Орыстардың қазақ жеріне қоныстануы, салт-дәстүр туралы мәліметтер де қамтылған.

Десек те, автор сол өлкеде болған маңызды оқиғаларды да суреттей кетпейді. Мәселен, 1905 жылы Ресей империясы Жапониямен соғыста жеңіліске ұшырап, салдарынан онда революциялық жағдай қалыптасты. Оның жаңғырығы қазақ даласына да жетеді. Сол кезде Ақмоладан полиция өкілі келіп, Ресейдегі жағдайды айтып ескерту жасайды. Автор көп ұзамай зауыт жұмысшыларының ереуілге шыққанын жазады. Ол кезде қазақ жерінде орыстар қазіргідей көп емес еді. Кітапта Ресейдің оңтүстік бөлігінен келген қоныстанушылар туралы жазады. Ереуілге бастапқыда орыстар шығады. Сосын Фелл ұқыпты менеджер ретінде қазақ болыстарының көмегімен бүлікті қайтарып, орыстарды Ресейге қуып жібереді. Алайда біраз уақыттан соң орыстардың үлгісіне сүйене отырып қазақтар

**ШЕКАРАНЫҢ АР ЖАҒЫНАН
КЕЛГЕН АЛЫМ**

Google анықтама орталығы бүгінде қандай елдер өзіне салық, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС) салатынын түсіндірді. Ол салық әртүрлі елде әралуан қызметтен, мысалы, тіпті осы жаһандық іздеу жүйесінде көрініс табатын беттерден, жарнамаланатын тауардың сипаттамасынан да жиналады екен.

Қазақстан негізінен, іздеу жүйелеріндегі және әлеуметтік желілердегі ақылы қызметтерден, таргеттелген жарнамадан салық алады. Бұл ретте ол салықты онлайн платформалардың өзі төлемейді, қазақстандық клиентінен өндіреді, соған көрсететін қызметінің тарифіне ҚҚС-ты қоса салады.

Сонымен, «Google салығын» бүгінде әлемнің 84 мемлекеті енгізді. Арасында Еуропа елдері, Аустралия, Бангладеш, Бахрейн, Бразилия, Гана, Зимбабве, Камерун, Кения, Нигерия, Колумбия, Израиль, Малайзия, Мальта, Марокко, Мексика, Түркия, Үндістан, Жапония, араб елдері және басқасы бар. ТМД кеңістігінде Қазақстан, Әзербайжан, Армения, Беларусь, Грузия, Ресей, Молдова, Украина, Тәжікстан, Өзбекстан онлайн платформалардан салық жинап жатыр.

Мысалы, одақтас Беларусьте бұл салық мардымсыз: үш жылда жалпы сомасы 90 миллион рубльдей түсім түскен көрінеді.

Қырғыз республикасының Қаржы министрлігінің дерегіне, «Google салығы» бұл елдің бюджетіне 2022 жылы 400 млн сом түсіріпті. Алатаудың арғы баурайындағы ағайын ел Meta, Apple, Bloomberg, Google, Яндекс сияқты жалпы саны 48 техноалпауыттан салық өндіреді. 2023 жыл қорытындысында олар жалпы сомасы 438,1 миллион сом (Ұлттық банктің бағамы бойынша бұл шамамен 2,2 миллиард теңгеге тең) аударған.

Биыл бұл түсім молырақ болады деп күтілуде: 2024 жылғы қаңтарда шетелдік ұйымдардың электронды қызметтеріне салынған ҚҚС-тан қырғыз бюджетіне 188,5 миллион сом құйылды. ҚҚС көлемі көршіде 12%-ды құрайды.

Ресейдің федералдық салық қызметінің дерегіне, «Гугл салығын» төлеушілер тізімінде 2017 жылдан бері Apple, Bloomberg, Google, Microsoft, Netflix сияқты 1 089 компания тұрған. Қазіргісі белгісіз: соғыс басталғалы тізілім құпияландырылды. Бұған қоса, дамыған елдердің технологиялық алпауыттары бұл елден жаппай кетті. Қалғаны қудаланады: 2022 жылғы Мәскеу сотының шешімімен америкалық Meta (оған Facebook, Instagram кіреді) «экстремистік ұйым» деп танылды және Ресейде тыйым салынды.

РФ салық қызметінің дерегіне, «Google салығынан» федералдық бюджетке жылына 10-15 миллиард рубль салық түседі. Ақпарат құралдарының жазуынша, олардан РФ заңнамасындағы қаптаған тыйымдарды бұзғаны үшін бұдан бірнеше есе көп айыппұл жиналады.

**АЛПАУЫТТАР САЛЫҚҚА НЕГЕ
ҚУАНА КЕЛІСТІ?**

«Google салығы» Қазақстанда 2022 жылғы 1 қаңтарда күшіне енді. Мемлекеттік кірістер комитетінің дерегіне жүгінсек, сол бірінші жылы интернетте қызмет көрсететін шетелдік ұйымдар мен сонда тауар сататын сауда алаңдары бюджетке 16,4 миллиард теңге түсім түсірді.

2022 жылы «Google салығын» төлеушілердің тізіміне 45 компа-

Google-дан САЛЫҚ САУҒАН ЕЛ

Еуразиялық одаққа мүше елдер бюджетті толтырудың жаңа қайнарын ашты, ол сарапшылар арасында «Google салығы» деп аталады. Бірінші болып, оны 2017 жылы – Ресей, 2018 жылы Беларусь енгізді. Қазақстан мен Қырғыз елі салық жинауды 2022 жылдан бастады. Үкімет мүшелерінің мойындауынша, бұл одақ елдері арасында дауға тамыздық болыпты. Сондықтан биыл ЕАЭО мемлекеттері ортақ келісімге келіп, ұлттық заңнамаларын өзгертті.

ния кірді. Салық органының мәліметінше, ел бюджетіне бәрінен көп қосылған құн салығын Meta Platforms Ireland Limited (Ирландия) компаниясы аударған – 2,9 миллиард теңге. Екінші орында америкалық iHerb тұр – 2,6 миллиард теңге. Үштікті Google Commerce Limited (Ирландия) тұйықтады – 2,2 млрд теңге. Apple Distribution International Limited (Ирландия) – 1,7 млрд теңге, Valve Corporation (АҚШ) – 1,6 млрд теңге көрсеткішімен бестікке қосылды.

Ресейлік «Купишуз» (Lamoda) қазақстандық бюджетке 731,1 миллион теңге, нидерландтық Netflix International B.V. – 288,2 миллион теңге, гонконгтық Qnet Limited – 285,4 млн теңге, ресейлік «Интернет решения» (Ozon бренді) – 204,7 млн теңге, америкалық Zoom video Communications Inc. – 102,6 млн теңге әкелді.

Салық кодексіне сәйкес, елімізде тұратын жеке тұлғаларға электронды формада қызмет көрсететін немесе интернет алаң, маркетинг арқылы тауар сататын (Alibaba, JD.com, Ozon, Wildberries және басқасы) шетелдік компаниялар 12% ҚҚС төлеуге тиіс.

Сауда және интеграция министрі Арман Шақалиевтің айтуынша, шетелдік компаниялар 2023 жылы Қазақстанға 18,4 миллиард теңге «Google салығын» төледі. Бұл салада ҚҚС төлеуші ретінде бүгінде шетелдік 60-тан астам фирма шартты тіркелген.

Яғни, жаңа салық түрі енгізілген екі жылда республикалық бюджет 34,8 миллиард теңгеге толықты.

Салық консультанты Әнуар Серікбаевтың айтуынша, о баста сарапшылар шетелдік техноалпауыттардың бұл салықты төлеуден барынша жалтаратынын тұспалдаған. Шынында, олар үлкен ынта-ықыласпен тіркеле бастады. Мұның мәнісі неде?

«Біріншіден, бұл Қазақстанның ойлап тапқан ноу-хауы емес, оны техногиганттар дамыған елдерде жиырма жылға жуық уақыттан бері төлеп келеді. Мысалы, АҚШ-тан кейін Еуропалық Одақ 2006 жылғы 28 қарашада электронды қызмет көрсететіндерден қосымша салық жинауға кірісті. Осы мақсатта ЕО



БАӨР ҚАБА (КОЛДЖ)

Кенесінің директивасы қабылданды. Қазақстандық қағидалар көбіне еуропалық тәжірибені қайталайды. Екіншіден, «Google салығын» салық төлеуші компанияның өзі төлемейді, оны клиент, қызметтің ақырғы тұтынушысы немесе қызметті өткізу процесінің басқа қатысушылары, қысқасы – қазақстандықтар өз қалтасынан өтейді», – деді сарапшы.

Мысалы, Google қосылған құн салығының ауыртпалығын тұтынушысының иығына арта салды: Google Play қосымшалар дүкенінде қазақстандықтарға арналған бағаны соншаға қымбаттатты.

Meta өзіне бағынысты Facebook, Instagram әлеуметтік желілерінде таргеттік жарнама мен ілгерілету құнын 12 пайызға, салық көлеміне жоғарылатты.

Apple компаниясы бұл салықты төл iTunes Store дүкені үшін қосымшалар әзірлейтіндерге жүктеді. Бұл оған ақырғы тұтынушылар үшін бағаны ұлғайтпауға мүмкіндік берді. Алайда қосымшаларды әзірлеушілердің және контент жеткізушілердің табысы төмендеді.

Осылайша, интернет-компаниялардың салық жүктемесі артқан жоқ, олар «Google салығын» өзгенің есебінен жинап, Қазақстан бюджетіне аударумен ғана айналысып отыр. Мұны «өнімсіз делдал» атайды: Apple да, Google да оферттарында, тіпті «салық салу мәселелері бойынша ешқандай кеңеспен түсіндірме бермейтінін» баттып жазып қойған. Қазақстанның

бұл салығына қатысты егжей-тегжейді білу үшін салық консультанттарына жүгінуге кеңес береді.

Үшіншіден, Қазақстан сарапшылар арасында жалпылама «Google салығы» аталып кеткен импорттық ҚҚС салығын төлеуді барынша жеңілдетті. Оны төлеуші ретінде есепке тұру үшін жаһандық интернет-компаниялар мен маркетингтерден тіпті Қазақстанда өкілдігін ашу, жауапты болатын жергілікті компаниясын құру да талап етілмейді. Қашықтан «шартты тіркеуден» өтсе және салық есепшілігі мен ҚҚС-ын электронды аударса, болғаны. Яғни, қазақстандық салықшылармен еш байланысқа түспейді, кездеспейді. Қазақстандық салық ревизорлары оларға «салықты дұрыс аудармадың» деп тексеріспен бармайды.

**РЕСЕЙЛІКТЕР САЛЫҒЫ
РЕСЕЙГЕ КЕТПІ**

Таяуда ел Парламенті «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа электрондық нысанда қызметтер көрсету кезінде жанама салықтар алу тәртібін айқындау бөлігінде өзгерістер енгізу туралы хаттаманы» ратификациялады. Құжат ЕАЭО-ға кіретін бес ел арасындағы даулы мәселелерді реттейді.

Сондай-ақ одаққа мүше мемлекеттердің аумағында электрондық нысанда көрсетілетін қызметтер нарығын дамытады, оларға қосылған құн салығын төлеу теті-

гін енгізуге ықпал етеді делінді. Ең басты жаңалығы – «тұтыну орны бойынша салық есебіне қоюды» оңайлатады.

Өйткені Украинаға шапқыншылық жасағалы Ресейден Apple, Google, Microsoft, iHerb, Airbnb сияқты көптеген техноалпауыттар, интернет компания кетіп қалды. Тіпті, ресейлік электронды сервистер өз елін тәрк етті. Мысалы, InDrive, 2ГИС және басқасы Қазақстанға көшті.

Алайда олардың басым көпшілігі қашықтан Ресей тұрғындарына қызмет көрсетуін жалғастырды. Олардың кейбірі мұны Қазақстандағы, Армениядағы, Беларусь пен Қырғызстандағы өкілдігі арқылы жүзеге асырады. Тиісінше, салықты да осы елдерге төлейді. Бұл Мәскеуге ұнамады. Сондықтан РФ: «Гугл салығын компаниялар тіркелген еліне емес, соның қызметін пайдаланатын тұтынушылардың тұратын еліне төлесін» деген төл бастамасына одақтастарын бас игізді.

Қаржы вице-министрі Ержан Біржановтың түсіндіруінше, осы келісімде көрсетілген тәртіпке сәйкес, одақ елдерінде тіркелген салық төлеуші компания Қазақстандағы не Ресейдегі тұтынушыларға қызмет көрсететін болса, оған Қазақстаннан не Ресейден қаражат аударылатын болса, онда салық тиісінше, қазақстандық не ресейлік бюджетке түсуі керек.

– Бұл бізге де тиімді. «Google салығы» аясында бүгінде Қазақстанда 64 салық төлеуші тіркеліп, қазақстандықтарға қызмет көрсетеді. Олардың қазақстандық салық органдарына тіркелуі жеңілдетілді. Міндетті түрде Әділет министрлігінде тіркелу талап етілмейді. Қашықтан хаттамасын жіберу арқылы банк мәліметтерін, ID-кодты береді, сол арқылы бізде тіркеледі. Қазақстандықтар банктен есеп айырысқан кезде компания түскен табысынан 12 пайыз салығын төлейді. Бұл негізінен қазіргі заманда кең өркен жайып жатқан электронды қызмет түрлері бойынша бюджетке салықты өндіріп алу мақсатында жасалып отыр, – деді қаржы министрінің орынбасары.

Жалпы, интернет платформаларға бұл салықты Қазақстан мен Қырғызстанда төлеген қолайлы еді: оларда ҚҚС ставкасы 12 пайыз ғана. Тиісінше, түпкі тұтынушысы үшін өнімі осыншаға ғана қымбаттайды. Салыстырсақ, Ресейде – 18%, Беларусьте – 20% «Google салығы» жиналады.

Ержан Біржанов одаққа кіретін бес мемлекет арасында электронды нысаналардан қосылған құн салығын өндіріп алу бойынша айырмашылықтар барын растады.

«Дау туындағаннан кейін осы хаттама жасалды. Себебі басқа мемлекетте тіркелген салық төлеуші компаниялар ҚҚС-ты өзінің тұрғылықты жері бойынша төлей бастады, бірақ оның тұтынушылары басқа мемлекетте тұрады. Қаражат қай елден шықты, сол жаққа салық аударылсын деген принципті енгізу бастамасы көтерілді. Сондықтан осы хаттама іске асырылып отыр», – деді қаржы вице-министрі.

Ресейліктер Қазақстанда шартты тіркелген сервистен тапсырыс жасаса, бірақ оның салығы енді Ресейге кетсе, «Google салығынан» Қазақстанға түсетін түсім де азаймай ма? Қаржы министрлігінің байламынша, шетелден электронды түрде тауар алатын, қызметке тапсырыс беретін қазақстандық тұтынушылардың саны онсыз да еселеп артып келеді. Сол себепті салық төлеушілердің саны да, «Google салығының» көлемі де әрі қарай ұлғаятын болады.

ҮЗДІК СТАРТАП ЖОБАЛАР ТАНЫСТЫРЫЛАДЫ

Бүгінде Астана медицина университетінде оқып жатқан 2 мыңға жуық білім алушы ғылыми және инновациялық белсенділікті дамытуға бағытталған студенттік ұйымдарда зерттеу жұмыстарымен айналысып жүр. Бұл туралы Жас ғалымдардың халықаралық форумында АстМУ-ның басқарма төрағасы-ректор Камалжан Надыров айтты.



Елорданың бас медициналық білім ордасында жас ғалымдардың халықаралық жиыны өткізіліп жатыр. 12 сәуір – Ғылым қызметкерлері күніне орайластырылған форум жастардың арасында ғылымды дәріптеп, осы бағыттағы жетістіктер туралы пікір алысу платформасын құруды көздейді. Алқалы басқосуға құрметті спикер ретінде ғылым саласында танымал тұлғалар шақырылып отыр. Оқу орнының басшысы Камалжан Талғатұлының сөзінше, былтыр ғылыми жобалар бойынша университеттің ішінде гранттар бағдарламасы іске қосылған. Осы орайда 200-ден астам студент түрлі халықаралық конкурс пен конференцияның жүлдегерлері атаныпты.

«Биыл ғылыми блокты жаңғырту бойынша бірқатар пәрменді шараны іске асыру жоспарланған. Айталық, университеттің барлық ғылыми әлеуетіне ревизия жүріліп, ғылыми саясат қайта құрылымдалады, қорғау құжаттарын алу үшін сыйақы беру мүмкіндігімен зияткерлік меншік саласында жаңа саясат енгізіледі. Коммерцияландыру және бизнес-инкубация кеңсесі құрылды. MedHubAstana жеке инкубациялық және акселерациялық бағдарламасы іске қосылып жатыр. Білім шаңырағында алғаш рет университеттің бизнес-серіктестер клубы ашылып отыр», – деді К.Надыров.

Бұл тұрғыда озық ойлы жастардың жиынына еліміз бен

шетелдік университеттер мен ғылыми ұйымдардың өкілдері қатысып жатқанын айта кету керек. Халықаралық басқосу Денсаулық сақтау министрлігі, Жоғары білім және ғылым министрлігі мен «Ғылым қоры» АҚ, сондай-ақ ірі медициналық компаниялар мен бизнестің басқа да құрылымдарының қолдауымен ұйымдастырылып отыр. Сондай-ақ форумның MedX форматындағы сессияларында ғылыми салада белгілі 15-тен астам құрметті спикер жастарға табысты кейстер туралы баяндайды.

Бұдан басқа DemoDay аясында үздік стартап жобалары таныстырылады. Ғылыми жобалардың презентациясына 40-тан астам өтінім берілген. Олардың ең үздіктеріне арнайы жүлде тағайындалады, тиісті жобаны болашақта іске асыру мақсатында қаржылай қолдауға ие болмақ.

Айта кетейік, форум – Астана медицина университетінің 60 жылдығын мерекелеу аясында қолға алынған алғашқы ауқымды іс-шара. АстМУ-де медициналық ғылымды дамытуға, сондай-ақ осы саладағы ынтымақтастыққа айрықша көңіл бөлініп келеді. Бұл ұстаным университеттің алдағы үш жылға арналған Даму стратегиясында қамтылған. Форумға еліміздегі 14 ірі жоғары оқу орындарының өкілдері, сондай-ақ ТМД, Еуропа және Азия елдерінен келген шетелдік жас ғалымдар қатысты.



АҒАЙЫННЫҢ КӨМЕГІ ЖЕТТІ

БҚО-да төтенше жағдай жарияланып, қиындық туған сәтте алғаш болып қол ұшын созған қырғыз бауырларымыз болды. Күні кеше ғана Орал қаласына қырғыз елінен гуманитарлық көмек келіп жетті. Тұратын үй-жайы суға кетіп, дүниесі жарамсыз болып қалған Ақжайық атырабындағы ағайынға бұл көмек үлкен демеу болды. Бұл жерде мәселе киім-кешек пен тамақта емес, мәселе бауырлас ағайынның кең пейілінде, тар жол, тайғақ кешуде қол ұшын соза білген бауырластығында жатыр. «Қырғыз-қазақ бір туған» дегенді сірә текке айтпаса керек...

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА

Бауырлас ел аманатын Оралға жеткізген Қырғыз Республикасы төтенше жағдай министрлігінің подполковнигі Замирбек Нарчаевтың айтуынша, қазақ еліндегі су тасқынына келген қиындықты естіген бойда қырғыз елі аз ғана уақыт ішінде осы гуманитарлық көмекті жинап үлгерген.

– Президентіміздің тапсырмасы бойынша Қырғызстан елінен Қазақстанға азық-түлік, төсек-көрге, керует, сусын, тұрмысқа қажетті заттар жеткіздік. Қазақ-қырғыз бір туған. Қиын жағдайға тап болған қазақ жұртына жалпы 300 тоннадан астам гуманитарлық көмек жіберілді. Батыс Қазақстанға 80 тоннасы бөлінді, – деді батыс жұрты алдында сөз алған Қырғыз Республикасы төтенше жағдай министрлігінің өкілі Замирбек Нарчаев.

Қырғызстаннан келген гуманитарлық көмекті оралдықтар қуана қарсы алды. Бауырлас ағайынның пейіліне алғыс білдірді.

– Біздің елде болып жатқан осы бір қиын күндері алғаш болып гуманитарлық көмекті біздің қырғыз бауырлар беріп отыр. Ол бүгін, міне елге аман-есен жетті. Қиын кезде қол ұшын созған ағайынның бұл жақсылығын қазақ елі еш уақытта ұмытпайды. Ғасырлар бойғы екі ел арасындағы бауырластық нығая түсті деп санаймын. Алты Алаштың ұлдары бауырластығын әлемге тағы бір мәрте паш етті. Тіліміз бір, діліміз бір, дініміз бір қырғыз ағайынға қазақ елі атынан айтар алғысымыз шексіз, – деді БҚО әкімінің орынбасары Бақытжан Нарымбетов.

Одан соң Бақытжан Хаберұлы қырғыз көшіні бастап келген Замирбек Нарчаевқа «Қырғыз еліне Батыс Қазақстан халқының атынан мың алғыс» деген жазуы бар домбыраны сыйға тартты.

Сын сағатта қолдауын білдірген көрші ел жүгін жеткізген азаматтарға Парламент Мәжілісінің

депутаты Абзал Құспан да ел алғысын жеткізіп, қазақ елінің ризашылығын білдірді.

– «Ағайынның қамқорлығын басына іс түскенде білерсің» дейді. Орал қаласы мен Қырғызстанның арасы үш мың шақырымды құрайды. Осы үш мың шақырым жолды жүріп, үлкен төрт жүк көлігі тола гуманитарлық көмек келіп жетті. Бұл жерде баса айта кететін жайт бар. Бұл – Қазақстанға шетелден келген алғашқы көмек. Біздің елге алғаш болып қол ұшын созып, азаматтық та-

ры, ардагерлер, аналар кенестері қолдай кеткен. Бұл ақпаратты Жетісу жұртының аманатын елге жеткізген Алматы облыстық жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығының ұйымдастыру бөлімінің басшысы Еламан Төлепберген айтты.

– Жайық жұртына ең қажетті деген азық-түлік, төсек-орын, дәрі-дәрмек, гигиеналық заттар мен киім-кешек жинадық. Бұл игі іске 300-ден астам волонтер қатысты. Жалпы, 137 тонна гуманитарлық көмек жиналды, – деді Еламан Төлепберген.

Айта кетейік, БҚО-да жағдай әлі де күрделі болып қалып отыр. Бүгінде облыс аумағында 18 уақытша орналастыру пункті жұмыс істеп тұр. Ол жерде 1 654 адам тұрып жатыр. Бүгінде саяжайлардағы 735 үй суға кетіп отыр.

Аумақтық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының мамандары ол орын-



нытып жатқан қырғыз бауырлар екенін ұмытпауымыз керек, – деді Абзал Құспан.

Одан соң ақсақал Қанат Оразғалиев көмекті жеткізген жандарға ақ батасын берді.

Жалпы, өңірде су тасқыны басталғалы ел ішінде Батысқа көмек қолын созып жатқандар баршылық. Әсіресе, кәсіпкерлер легі қолдан келер көмекті аямай жатыр. Сондай гуманитарлық көмектің бірі Алматыдан келіп қуантты.

Елге қол ұшын беруді ұйғарған Жетісудағы ағайынды бірлікке шақырып, Жайық жұртын қолдау ісін Алматы облыстық жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығы бастаған. Олар «Күшіміз – бірлікте» волонтерлер штабының жұмысын ұйымдастырып, елден жылу жинаған. Көп ұзамай жастардың бастамасына «AMANAT» партиясының филиалы, кәсіпкерлер, атқарушы билік өкілдері, ассамблея жаста-

дарда тәулік бойы кезекшілік жүргізуде. Кезекшілік кезінде су басқан жерлерден эвакуацияланған халықты тамақтандыруға және олар үшін жайлылықты ұйымдастыруға ерекше назар аударылған. Уақытша орналастыру пункттерін тазалау, дезинфекциялау және желдету жұмыстарының уақытылы жүргізілуі қатаң бақылауға алынған.

Қазір Оралда су тасқынының екінші кезеңіне дайындық жүріп жатыр. Бұған дейін еріген қар суымен күрессе, енді бірер күнде Жайық көтеріліп, Орал қаласының өзіне қауіп төндіруі мүмкін. Себебі Ресейден келетін судың көлемі артып кеткен. Көршілес Орынбор облысына қарасты Орск қаласында су бетіне жарып жіберген. Қазір сол жақтан келетін су нөпіріне тосқауыл болу үшін қалада барлық күштік құрылым тәулік бойына жұмыс істеп жатыр.

Батыс Қазақстан облысы

Таяуда Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында «Йерма» атты жаңа қойылым көрермен назарына ұсынылды. Испан драматургі Федерико Гарсиа Лорканың «Йерма» пьесасы желісі бойынша сахналанған драма жанрындағы қойылым өзгелерден өзіндік бағытымен ерекшеленеді.



«ЙЕРМА» – жүзгі ауыр

қойылым



Қойылым режиссері республикалық, халықаралық фестивалдардың үш дүркін Гран-при иегері – Дина Жұмабаева. Бұл – оның Ғабит Мүсірепов театрында сахналанып жатқан үшінші шығармасы. Пьесадағы басты кейіпкерлер Хуан мен Йерманың рөлін театрдың талантты актерлері Елдар Отарбаев пен Ақбота Рахат сомдады.

Қойылымның бір ерекшелігі – трилогияның екінші бөлімінің театр сахнасында жарық көруі. Отбасындағы өзекті мәселені арқау еткен қойылым арқылы көкірегің қайғы басқан, сұлулығы мен дерті қатар жүрген нәзік жандылардың жан дүниесіне бойлауға болады. Онымен қоса, сыртқы факторлар әйел заты үшін қаншалықты әсер ететіні ашық көрініс табады. Шығармада Испания ауылдарының бірінде тұратын баласыз әйелдің өмірі баяндалады.

Қойылым басталардан бұрын актерлік құрамның мүшесі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, театр және кино артисі Күлжәмиля Белжановамен әңгімелескен едік. Ол сұхбат барысында өзекті қойылымды жарыққа шығаруда режиссердің ізденісі мен еңбегінің орасан екенін атап өтті. Актрисаның сөзінше, режиссер трилогиялық шығарманы Ғабит Мүсірепов

театрында, Қазақстан бойынша тұңғыш рет қойып отыр екен. – Елімізде өзіндік қолтаңбасы бар, жас болса да мықты режиссерлердің бірі Дина Жұмабаеваның трилогиялық шығарманы театрымызда қоюы – әрине, үлкен жаңалық әрі мақтаншы. Режиссермен бірлесе жұмыс істеген өте қызық, өйткені ол үнемі ізденіс үстінде жүреді және бізден де сол қасиетті талап ете білетін маман. Ол жалған нәрсені сахнаға жібермейді, керісінше барлығын шындыққа жақындатуға тырысады. «Йерма» – беделік туралы қойылым. Басты рөлдегі кейіпкерлер сахнада бүкіл жан-тәнін салып ойнайды. Өз басым актерлердің талантына сүйсініп, олар үшін қуанып отырамын. Режиссеріміз Йерманың рөлін сомдаушы Ақботаның потенциалын сезді, оны одан сайын ашқысы келді. Сондықтан режиссер бұл қойылымды Ақбота Рахат үшін арнап қойған. Өзім қойылымда

өмірді көрген, шалқыған кемпірдің рөлін сомдаймын. Ол басты кейіпкерге өзінің ақыл-айтады, бірақ алғашқыда барлығын көріп тұрып айтуға кимайды. Алайда соңында бәрібір Йермаға ішіндегісін ақтарып салады. Кемпір аңғал, таза көңілімен Йерманы өзінің келіні болса екен деп, тілегін білдіреді. Бірақ шығарма желісі бойынша Йерманың тандауы басқа, – дейді К.Белжанова.

Екі сағатқа созылған қойылым соңына жеткеннен кейін көрермен ыстық ықпалын көрсетіп, сүйікті актерлеріне гүл шоқтарын табыстады. Залда көрермен тарқасқаннан соң басты рөлдегі кейіпкерлерді сахна сыртына іздеп бардық. Театр сахнасында 20 жыл бойы еңбек етіп келе жатқан белді актрисалардың бірі Ақбота Рахатты әңгімемізге тарттық. Осыған дейін «Алтын сақа» театршілік жана қойылымдар фестивалінде «Үздік әйел адам бейнесі» атағына ие болған актриса Йерма рөлін алып шығу оңай болмағанын, оның терең ізденісті талап ететін күрделі рөлдердің бірі екенін айтады.

– Қойылымның дайындығына үш апта берілді. Үш аптада қойылымды әзірлеп шығаруымызға тура келгендіктен, расында уақыт өте

тығыз болды. «Йерма» – психологиялық тұрғыдан өте ауыр, терең қойылым. Сондықтан таңнан бастап түнге дейін осында үздіксіз дайындық жұмыстарын атқардық. Аталған қойылым – менің Дина Жұмабаевамен жасаған екінші жұмысым. Режиссермен тіл табысу, бір-бірімізбен түсінісу мен үшін қатты қиынға соқты деп айта алмаймын. Екеуіміздің арасында жақсы бір тандем болды. Меніңше, ең бастысы – түсіне білу. Арада тығыз байланыс болмаса, сапалы жұмыс жүзеге аспайды. Дайындық барысында режиссер тарапынан берілген тапсырмаларды орындап, оны әрі қарай дамытуға тырыстым. Осындай рөлді бойымнан көріп, жауапкершілік жүгін сеніп табыстағаны үшін режиссерге және қойылымның жарыққа шығуына атсалысқан әріптестеріме алғысымды білдіремін, – дейді ол.

Ақбота Рахаттың айтуынша, қойылым театр сахнасына жол тартар алдында актерлік құрам арасында біршама талдау болған. Әрқайсысы өз қиялына ерік беріп, табысталған рөлді жан-жақты дамытуға тырысады.



Отбасындағы өзекті мәселені арқау еткен қойылым арқылы көкірегің қайғы басқан, сұлулығы мен дерті қатар жүрген нәзік жандылардың жан дүниесіне бойлауға болады. Онымен қоса, сыртқы факторлар әйел заты үшін қаншалықты әсер ететіні ашық көрініс табады.



«Талдау кезінде Хуанды да, Йерманы да кінәлап, соңында бір түйінге келдік», – дейді актриса. Ақботаның сахнадағы серігі, Хуанның рөлін сомдаушы – Елдар Отарбаев. Бұл театр саласындағы екі әріптестің үлкен рөлде алғаш рет сахналық серіктес болуы екен. Ақбота ханым екеуінің арасындағы серіктестік рөлді дамыту үшін бастапқыда қиындықтар болғанын, алайда кейіннен бір-бірін түсініп, рөлді әрмен қарай алып кетуге тырысқанын айтады. Қойылымдағы Йерма түрлі сезімді бастан өткеретін кейіпкер. Күледі, қайғырады, көз жасын тауысып жылайды. Осы ретте мұндай ауыр сахналар актрисаның психологиясына қаншалықты әсер етті деген сауал туындайды.

– Әр режиссердің өзіндік жұмыс істеу тактикасы болатыны рас. Мен өмірде эмоцияға бай адаммын. Көбі сабырлы, байсалдысың деп

айтып жатады. Бірақ өзімді іштей эмоцияға бай адаммын деп есептеймін. Қойылымның әсері – кішкене шаршанқырап, әлсірегенім шығар. Дегенмен кейіпкердің бейнесіне рөл деп қарауымыз тиіс. Қойылымға кіргеннен кейін кейіпкердің бейнесінде өмір сүресің, бірақ рөлден шыққаннан кейін оның бейнесін сыртқа алып шықпауың, екеуін ажырата білуің маңызды. Шыны керек, қойылымдағы әр сахнаны ой-елегімнен өткізіп, түнімен ұйықтай алмаймын. Тіпті, бір күнімді сол қойылымға арнаймын. «Йерма» рөлінде екі сағат бойы көрдің ішінен шықпайсың. Бұл дегеніміз – актриса көрдің ішінде екі сағат бойы өмір сүреді деген сөз. Йерма – сахнада ойнаған сайын тереңдейтін, ашыла беретін кейіпкер, – деп сөзін түйінделді театр актрисасы А. Рахат.

Қойылымда екі бірдей рөлді алып шыққан театр актрисасы Нұржамал Әбілқиясқызы аталған шығарма мазмұнының біз өмір сүріп жатқан қоғаммен байланысы барын негізге алды. Актрисаның сөзінше, пьеса желісі бойынша Йерма тұратын ауылда жасы үлкен, орта және кіші жастағы қыз-келіншектер бар. Ал Бибігүл сол әйел қоғамының ішіндегі жасы кіші қыздың рөлін сомдайды. Жас қыздың болмысы Йермаға жанашырлық таныта білетін кейіпкер ретінде сипатталады. Екінші рөлі – бетперделі қыз.

– Негізі, бұл шығармада бетперделі адамның рөлінде қыз, жігіт және бала бейнелері бар. Алайда режиссердің шешімі бойынша біз үш бейнені жинақтап, нәтижесінде бір кейіпкер етіп шығардық. Бетперделі қыздың бойында сайқымазақтық та бар. Бірақ оның басты мақсаты – Йерма

мен Хуанды жұбату, бір-біріне жақындастыру әрі көтеріңкі көңіл күй сыйлау еді. Бір жақта трагедия болып жатса, менің кейіпкерім оларға жарық сыйлауға тырысады. Қойылымда әйелдің бала сүюге деген құштарлығы болады, сондықтан ол жақсылықтан үмітін үзгісі келмейді. Өкінішке қарай, оған сыртқы факторлар да қатты әсер етеді. Әйел адам үшін бұл қиын, себебі ол қаласын, қаламасын – сырттың әсері мен ой-пікірін көңіліне алып, жүрегі сыздап ауырады, – дейді актриса Н.Әбілқиясқызы.

Трилогиялық шығарма театрда сахналанатын «Оян, қалыңдық», «Йерма», «Бернарда Альбаның үйі» қойылымдарын қамтиды. Алғаш 1934 жылы жазылған «Йерма» пьесасын автор «трагедиялық поэма» деп сипаттайды.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Қазақ ғылымының өркен жайып, өрістеуіне қажырлы қайрат таныта білген геолог-ғалым, минералогия ғылымдарының докторы, профессор, академик Қаныш Сәтбаевтың туғанына биыл 125 жыл толды.

Әлемге әйгілі, халқының ұлы перзенті, аты алтын әріппен жазылған ғалымның мерейтойын адамдық келбетін және ғылыми ізденіс жолындағы жанқиярлық еңбегін жан-жақты аша түсу мақсатында республикалық деңгейде түрлі іс-шара өтіп жатыр.

12 сәуір Қаныш туған күн — қазір ғылым қызметкерлер күні ретінде белгіленген. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атаулы күннің құрметіне елордада Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысын өткізді. Алдымен жиналған көпшілікті ғылым күнімен құттықтаған Президент:

«Шын мәнінде, бүгінгі мерекелік күн — қоғамымыздағы ерекше сәт, себебі бұл күн ғұлама ғалым, заңғар тұлға Қаныш Сәтбаевтың туған күнімен тұспа-тұс келіп отыр. Дәл бүгін академик Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толды. Біз Ұлы Абайды қазақ руханиятының темірқазығы, Ахмет Байтұрсынұлын Ұлт ұстазы дейміз. Ал Қаныш Сәтбаевты қазіргі қазақ ғылымының атасы деуге болады» — деп заңғар ғалымға қазақ ғылымының атасы деген шынайы бағасын берді. Ендігі кезекте Президент тапсырмасымен Қаныш Имантайұлы туған күн — елімізде білім-ғылым культін қалыптастырудың және Сәтбаев салған сара жолды жалғастырудың бастамасы болмақ.

Кеше Астанада халқын сүйген Қаныштың атакты ағылшын премьері У.Черчилльдің алдында

ҒҰЛАМА ҒҰМЫР



«Менің халқым менен де биік» деп туған елінің абыройын аскактата білген тау тұлғалы тұғыр-ескерткішіне гүл шоқтары қойылды. Л. Гумилев атындағы ЕҰУ-де ғалымның тағылымға тұнған тұлғасын, ғұлама ғұмырын тани түсу үшін «Қаныш Сәтбаев — ұлт мақтанышы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция болды.

Оған Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев, ҚР Ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев, Халықаралық Сәтбаев қоры қамқоршылар кеңесінің төрағасы, Парламент Сенатының депутаты Алтынбек Нұхұлы, Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен және белгілі ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ қала тұрғындары қатысты.

«Қазақ ғылымының атасы, ғалым, геолог, мемлекет және қоғам қайраткері Қаныш Сәтбаевтың

туғанына 125 жыл толды. Ол Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президенті, ғалым қазақ даласындағы көптеген пайдалы қазбаларды алғаш ашты. Ұлы тұлғаның мерейтойына арналған іс-шаралар өзге қалаларда да ұйымдастырылуда. Сондай-ақ бүгінгі 12 сәуір ғылым қызметкерлерінің күні құтты болсын, — деді Саясат Нұрбек.

Кейін Ғылым академиясының тұңғыш президентіне жасалған барельефтің ашылу салтанаты өтті. Оны Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен Еуразия ұлттық университетінің ректоры Ерлан Сыдықов ашты.

Қаныш Сәтбаевтың суреті бейнеленген тақтайша университеттің бас ғимаратына орнатылды. Оның авторы — ЕҰУ сәулет кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, мүсінші Талғат Анарбеков. Барельефтің өлшемі 60*80 см.

«Мен бір аптадай Қаныш Имантайұлының тақтайшаға сай

келетін портретін іздеп, осы нұсқасына тоқталдым. Рельеф мүсіндік пластилиннен жасалған. Жалпы, мүсіндеу жұмысын жасап шығу үшін 1 айдай уақыт еңбек еттім, — деді автор Талғат Анарбеков.

Сондай-ақ мұнда Қаныш Сәтбаевты еске алу мақсатында оның жеке қолданған заттарының, эксклюзивті портреттердің, ғылыми еңбектердің көрмесі ұйымдастырылды. Салтанатты жиынға келген қонақтар, оқытушылар, студенттер ғалымның туған жері Павлодар облысы Баянауыл ауданынан арнайы әкелінген жәдігерлермен танысты.

Л. Гумилев атындағы ЕҰУ-де өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция барысында Мемлекет басшысының құттықтау хаты оқылды. Онда «Қаныш — Қазақстан тарихында айрықша орны бар тұғырлы тұлға. Академиктің мол мұрасын жан-жақты дәріптеп, есімін ұлықтау — ұрпақ парызы» деп жазылыпты.

ЕҰУ-дың ғылым бойынша проректоры Жанна Құрманғалиева:

«Бүгінгі конференцияға еліміздің ең беделді ғалымдары және Ұлттық ғылым академиясының басшылары шетелден келген қонақтар, студенттеріміз, магистранттар және жалпы ғылымға қатысы бар азаматтар жиналды. Конференцияның мақсаты — Ұлттық кеңестің отырысында Президент атап өткендей, алдымен Қаныш Имантайұлының бай мұрасын дәріптеу және ғылымда жасаған қызметін, қазақ халқына жасаған қызметін жан-жақты жас буынға өнеге ретінде насихаттау, қоғамдағы ғылым мен білімнің мәртебесін көтеруді көздейді. Сонымен қатар Қаныш туған күн — ұлттық деңгейде бүкіл өңірлерде, тек ғылыми ортада ғана емес, қоғамдық санада ғылым мен білім жоғары құндылық саналуы керек десек, осы құндылықтарды дәріптейтін кез келген ұйымда тиісті іс-шаралар негізінде аталып өтілуі керек, — деп Қаныш Сәтбаев және ол бастаған жұлдызды ғалымдар шоғыры ХХ ғасырдың басында Алаш арыстарынан кейін ұлт мәдениетінің көшбасшысы болғаны туралы әңгімелеп берді.

Иә, ғылымға түбегейлі бет бұруды мақсат еткен елімізде аты аңызға айналған тұлғасы тағылымға толы Қаныш Сәтбаевтың есімі мен мұрасы ғылымдағы ізбасарларына әрқашан үлгі-өнеге болып жалғасын таба бермек. Ғалым мұрасы арқылы жас ұрпақ бойына отансүйгіштік, ұлтжандылық, білімге құштарлық, халқына қызмет ету сынды асыл қасиеттерді сіңіре алсақ...

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

1966 жылдың күз мезгілі болатын. Ол кезде Қызылорда облысының Жосалы кентінде тұрамыз. Бір күні үйімізге ерлі-зайыпты қонақ келе қалды. Әкем Айтбай мен анам Мамық меймандарды аса қуанышпен қарсы алып жатты. Бізге «Алматыдан агроном мамандығын бітіріп келген Жұмағали деген ағаларың осы», десті. Келіншегінің есімі Раунақ екен.

Үйде үйелмелі-сүйелмелі жеті баламыз, мен үшіншісімін, жасым 10-да. Үлкеніміз — Әзиза 8-сыныпты бітіріп, Қызылордадағы М.Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесінде оқып жатқан. Әзиза әпкеміз жаңа түскен Раунақ жеңгемізге арнап, мандолина аспабымен «Келіншек» күйін орындады. Өзгеміз үлкен шаһардан келген қонақтарды үйірсектеп, «қашан осы кісілердей есейіп, маман болар екенбіз» деп тамсанып қарап қоямыз. Мен Жұмағали ағамен алғаш осылай танысқан едім.

Жұмағали Қасымовтың еңбек жолы сол кездегі Ленин атындағы совхозда агроном қызметінен басталды. Ал Раунақ жеңгеміз медпунктте медбике болып жұмысқа кірді.



Жұмағали аға әуелгіде агроном, кейін бас агроном қызметін абыроймен атқарды. 1980 жылы Ленин атындағы совхоздың Карл Маркс атындағы бөлімшесін өз алдына жеке совхоз етіп құрды. Қармақшы аудандық партия комитеті оны сол өзі құрған «Майлыөзек» совхозына директор қылып бекітеді. Искер азаматтың ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында жаңадан құрылған кеңшарға агроном, су маманы, есепші-экономист, мал шаруашылығы мамандары жан-жақтан жиылып келе бастайды. Жұмағали Қасымовтың қоластында қызмет еткен Нұрдәулет Маханов ағамыз сол кезде шаруашылыққа қажетті МТМ, қоймалар мен қырмандал салынып, егістік жерлер агротехникалық жағдайға келтірілгенін

Еңбегімен ЕЛГЕ ТАНЫЛҒАН

айтады. Жаңа үлгідегі үйлер де сол жылдары салынып, совхозға келген мұғалім мен дәрігерге және басқа да мамандарға беріледі. Мектептің директоры болған Елдес Ермаханов пен оқу ісінің меңгерушісі Жүрсін Қаймақбаевтың естелігінде бұрын 100 шақты бала оқыған шағын мектепте оқушы саны 300-ге жеткені жазылыпты. Балабақша ашылып, ауылдық кеңес, клуб, медпункт жұмыс істей бастаған.

Кеңшардағы егістік көлемі ұлғайып, агротехникалық талаптарға сәйкес жүйеленді. Әр үйдің жанындағы бақшаға аяқсу жеткізіліп, алма, алмұрт, сары өрік, қара өрік, жуа, сәбіз, сияқты қажетті жеміс-жидектер мен көкөністер егу қолға алынды. Үй іргесіндегі учаскеден бөлек тұрғындарға кеңшар аумағынан қауын-қарбыз, қырыққабат т.б. дақылдар егіп өз қажеттерін қамтамасыз етуге жер бөлінеді.

Жұмағали ағамыздың (1939 ж. туған) балалық шағы да ашаршылықтан кейін ел есін жия қойма-

ған, одан кейінгі қасіретті Отан соғысы жылдарымен тұспа-тұс келіп түрлі қиыншылықты бастан өткерді. Әкесі Қасым ағамыз майданға кетіп қайтыс болса, анасы 1950 жылы өмірден өткен. Ағасы Ертай екеуі жастай жетім қалады. Кеңес үкіметі екеуін балалар үйіне жібергені тұрған жерінен ағайындары Алмасбай ата бас болып, ауыл ақсақалдары алып қалған екен. Екі бала Алмасбай атаның қызы Шәри апаның қолында өседі. 1970 жылы Шәри апа дүниеден өткенде Ертай мен Жұмағали ағалар өз қолынан арулап, жер қойнына тапсырған.

Осындай қиыншылықты көріп өскен екі бала атпал азамат болып қалыптасты. Ертай ағамыз Ленин атындағы совхоз бен Қуандария кеңшарында ірі қара мал фермасында ферма меңгерушісі болып өмірінің соңына дейін қызмет атқарды. Ертай ағамыз бен Сұлу жеңгеміз өмірге 11 бала әкеліп, білім мен тәрбие берген. Ал Жұмағали ағамыз бен Раунақ жеңгеміз 6 ұл, бір қызды өсіріп,

жеткізді. Көпке үлгілі, өнегелі отбасы болды. Бүгінде Раунақ жеңгеміз сол өмірінің жалғасы ұрпақтарының қызығын көріп, батасын беріп жүрген тілекші ана, немерелерінің асыға күтетін асыл әжесі.

Айрықша еңбегі мен іскерлік қабілетінің арқасында елге танылған Жұмағали Қасымов 1986-1992 жылдары Дауылкөл ауылдық кеңесінің төрағалығына сайланып, Тұрмағамбет, Алдашбай ахун ауылдарының әлеуметтік-мәдени дамуына елеулі үлес қосты. Оның еңбектегі табысы үшін 1970 жылы «В.Лениннің туғанына 100 жыл» медалімен, «КСРО шаруашылығын дамытудағы жетістігі үшін» қола медаль және 1977 жылы «Социалистік жарыстың жеңімпазы» төсбелгісімен марапатталған.

Биыл елінің өсіп-өркендеуіне ерекше еңбек еткен Жұмағали Қасымов ағамыздың туғанына 85 жыл, дүниеден өткеніне 30 жыл толып отыр. Осы орайда ауданымызда, шаруашылықтағы мәдени ошақтарда мектептер мен клубтарда ол кісінің еңбегін, азаматтық болмысын ұрпаққа үлгі етерліктей шаралар өткізілсе деген тілегім бар. Мұндай игілікті іс-шаралар ер есімінің ел есінде мәңгі сақталуына үлес қосар еді.

Мұсахан
БАСШЫБАЕВ,
Білім беру ісінің үздігі

Отандық дзюдошылар Олимпиадаға ұпай беретін кезекті жарысқа аттанады. Нұрбол Сүлейменов шөкірттері Гонконгта өтетін Азия біріншілігінде бақ сынамақ. Турнирге қатысатын спортшылар қатарында Олимпиаданың екі дүркін жүлдегері, әлем және Азия чемпионы Елдос Сметов те бар. Сары құрлық додасы қарсаңында команда құрамына шолу жасап, өзгерістерге тоқталып өттік.

Олимпиада қарсаңындағы сынақ

Құрлық чемпионатында Париж Олимпиадасына қомақты ұпай беріледі. Атап айтар болсақ, алтын жүлдегер 700, күміс медаль иегері 490, қола медаль еншілеген спортшы 350 ұпай алады. Әрине, ай сайын өтетін Grand Slam турниріндегі секілді көп емес. Десе де, біздің командаға Олимпиада қарсаңында әрбір ұпай ауадай қажет.

Гонконг төрінде Қазақстан намысын төмендегі спортшылар қорғайды:

Ерлер:
60 келі: Елдос Сметов, Нұрқанат Серікбаев
66 келі: Ғұсман Қырғызбаев, Жанарыс Рахметқали
73 келі: Данияр Шамшаев, Аскар Нарқұлов
81 келі: Абылайхан Жұбаназар
100 келі: Нұрлыхан Шархан
+100 келі: Ерасыл Қажыбаев

Ерлер құрамында айтарлықтай өзгеріс жоқ. Жанарыс Рахметқалиді жаңа есім демесеңіз, қалған спортшылар әлемдік жарыстарда әбден ысылып үлгерген. Біздің назарымыз бірден Елдос Сметовке түсті. Отыздан асқан балуан екі Олимпиаданың жүлдесін алса да, алтынға жетпейінше тоқтамайтынын аңғартқандай. Иә, қазіргі сәтте Сметовтің әлемдік рейтингтегі жағдайы мез емес. Соңғы жарыстарда да жүлдеге іліккен жоқ. Бірақ ол әлі күнге дейін құрамадағы жас балуандардан кем жаттықпайды. Әдетте отыздан соң үлкен спорттан қол үзетін спортшыларға Елдостың жігері үлгі болатындай-ақ.

«Олимпиаданың алтынын аламын деп жүргеніме 12 жыл толыпты. Аллаға шүкір, осы аралықта әлем чемпионы болдым, құрлықта көш бастадым. Екі Олимпиаданың тұғырына шығу бақыты да бұйырыпты. Бірақ бала күнгі арманым әлі маза бермейді. Міне, үшінші Олимпиадаға қатыссам, арман болған алтынды алсам деген оймен алға басып келем. Бұл жолда отбасым, ата-анам мен балаларым да үлкен күш береді. Солардың сенімін ақтау да – менің міндетім. Қазір жарақаттарым айығып



келеді. Бұрынғыдай мазаламайды. Үлкен спортта жүрген соң жарақаттан толық айығып кету де мүмкін емес.

Өз салмағымда ізімді басып келе жатқан балуандардың әрбір жеңісіне балаша қуанамын. Бірақ бұқаралық ақпарат құралдары мені басқаларға қарсы қойып, бір-бірімізге жау көрсететіні бар. Шыны керек, менің басты қарсыластарым – шетелдік спортшылар. 60 келіде күресіп жүргеніме қаншама уақыт болды. Осы кезеңде қазақ балуандарын жеңіп жатсам, оған асып-тасып, қуанған емеспін. Ал әрбір жетістіктеріне тілеулеспін. Біздің бәрімізге ортақ мақсат – әлемдегі мықты балуандарды жеңіп, үздіктер қатарынан орын алу. Інілеріме де үнемі осыны айтып жүремін», – дейді Сметов.

Қазір 60 келіде Сметовтің ізін басып келе жатқан екі спортшы бар. Бірі – Нұрқанат Серікбаев, екіншісі – Мағжан Шамшадин.

Нұрқанат жақында Тбилисиде өткен Grand Slam турнирінде жеңіске жетіп, ұпай қоржынын молайтты. Ал былтыр жаракатына байланысты қатардан шығып қалған Мағжан құрамаға қайта оралып, мамырда Душанбеде өтетін Grand Slam додасына қатыспақ.

«Бапкерлерім Азия чемпионатына апарғысы келген. Бірақ ақылдаса келе, бұл жарыстан бас тартып, Душанбедегі турнирге күшімді сақтаймын деп шештім. Сәтін салса, Астанадағы әлемдік сынға қатысу да жоспарда бар. Олимпиадаға аз уақыт қалды. Барынша жүлде алып, ұпай жинауға тырысамын», – деді Мағжан Шамшадин.

66 келідегі Ғұсман Қырғызбаев жаңа салмаққа ауысқалы Азия чемпионатында ғана үштікке ілінді. Жеңіл салмақта әлем чемпионатының финалына жеткен Ғұсман үшін 66 келінің жүгі ауыр боп тұр. 73 келідегі Данияр Шамшаевқа былтырғы атағын қорғайтын үлкен мүмкіндік туып тұр. Ал Өзбекстанда өмірге келіп, атамекеніне оралған Аскар Нарқұлов биылғы маусымда мүлде көзге түскен жоқ. Мүмкін, құрлық додасында жолы болар. 81 келіде команда үздіктерінің бірі Абылайхан Жұбаназар белдеседі. Азия ойындары мен Grand Slam турнирлерінде жүлдеге ілігіп жүрген балуаннан бапкерлер де үміт күтіп отыр.

100 келіде ел намысын Нұрлыхан Шархан қорғайды. Бұл салмақтағы қарсыластарынан бойы әлдеқайда кіші болса да, Нұрлыхан қайтпас қайсарлығымен көзге түскен спортшы. Төбесінен қарап тұратын әлем чемпионы Лукаш Крпалектен де қаймықпайды. Сол мінезінің арқасында былтыр Азияданың қола жүлдегері атанса, биыл Париждегі «Үлкен дулыға» турнирінде үштікке енді. Бұл жарыс Нұрлыхан үшін олимпиадалық рейтингтегі жағдайын жақсартуға үлкен мүмкіндік болмақ.

Аса ауыр салмақта Ерасыл Қажыбаев белдеседі. Ерасыл алғашында болашағынан зор үміт күттірген спортшылар қатарында еді. Алайда альптар айқасында оның жолы болар емес. Енді Гонконг татамиінен сүйінші хабар күтеміз.

Дзюдодан Азия чемпионаты 20-22 сәуір аралығында өтетінін естеріңізге саламыз.

Ақырыс СЕЙТҚАЗЫ

ШАЙБАЛЫ ХОККЕЙДЕН БЕЛЬГИЯНЫ ЖЕНДІ

Шайбалы хоккейден Қазақстан әйелдер құрамасы екінші дивизионның А тобында төртінші жеңісіне қол жеткізді.

Аталған ойындар 7 сәуірден бастап Андорра мемлекетінде өтіп жатыр. Жарысты қазақстандық хоккейшілер сәтті өткізіп келеді. Бельгия құрамасымен кездесуді қазақстандық хоккейшілер белсенді бастады. Бірінші кезеңде қатарынан бес шайба соғып кетті. Ойынның 3-минутында Лариса Свиридова есеп ашса, одан кейін Дильназ Саяхатқызы 4, Екатерина Куценко 6, Малика Алдабергенова 12, 14-минуттарда есепті үстемелей түсті. Екінші кезеңде құрамалар екі-екіден шайба



соқты. Қазақстан құрамасынан Анна Пяткова 34, Карина Фельзинк 38-минутта мергендік танытса, оған қарсыластар екі шайбамен жауап қайырды.

Үшінші кезеңде ел құрамасынан Пернеш Әшімова 51 Александра Щегай 52-минутта гол соқты. Осылайша, Қазақстан құрамасы қарсыластарын 9:2 есебімен басым түсіп, қатарынан төртінші мәрте жеңіске жетті.

БЕЙБІТ ШИРЕК ФИНАЛҒА ӨТТІ

Қазақстандық, әлемнің 192-ракеткасы Бейбіт Жұқаев Морелос (Мексика) челленджер турнирінің ширек финалына өтті.

Жарыстың 8-ракеткасы Б. Жұқаев екінші айналымда дүниежүзілік рейтингте 430-сатыда тұрған америкалық Кристиан Лангмодан айласын асырды. Қазақстандық спортшы бірінші партияда есеп 4:3 болған мезетте брейк жасай алды – 6:3.

Екінші сетте тай-брейкте Бейбіт өз мүмкіндігін мүлт жіберген жоқ – 7:6 Бір сағат 20 минутқа созылған бөсеке барысында Жұқаев 8 эйспен бірге 3 брейк-пойнттың екеуін өз есебіне жазды. Лангмо 13 эйс жасап, 3 брейк-пойнттың біреуін пайдаланды. Бейбіт Жұқаев жартылай финалға шығу үшін әлемнің 135-ракеткасы, аустралиялық Адам Уолтонмен шеберлік таластырады. Ол рейтингте 327-орындағы швейцариялық Антуан Бельені ұтты – 7:6, 6:4. Қазақстандық теннисші АТР Live рейтингінде 185-орынға көтеріліп тұр. Бейбіттің бұған дейінгі үздік көрсеткіші 186-саты еді. Айта кетейік, бұдан бұрын 18 жастағы қазақстандық теннисші Түркиядағы турнирдің 1-ракеткасын жеңген.



Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор –
Талғат ЕШЕНУЛЫ

Бас редактор –
Амангелді КҮРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ПІШПАЛАР:
Ақмола облысы –
Ақмолалық АЛЫМЖАН
Алматы облысы –
Алматы қаласы –
Саятхан САТЫБАҒАН –
Жамбыл облысы –
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы –
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы –
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы –
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы –
Баиян ЖАНУЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ІНДЕКСІ:
Қоспоярлар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғас ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талпырыс №4431
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Славеті көшесі 30,
Тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болшақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
Тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,